29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 120 (569) // 31 қазан // сенбі // 2026 жыл











Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

ҚОС ӨЛКЕНІҢ ҚУАНЫШЫ

Ұлттық мереке Райымбек және Кеген ауданының халқы үшін айтулы оқиғалармен есте қалды. Республика күніне орай шалғай аймақта әлеуметтік нысандар ашылып, ірі өндіріс ошағы іске қосылды. Жол инфрақұрылымын дамытып, қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған жобалар халық игілігіне берілді. Салтанатты рәсімдерге аудан, облыс басшылығы, сала мамандары, ардагерлер мен аналар кеңесінің мүшелері және жергілікті тұрғындар қатысты. Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов те қуанышқа ортақтасып, маңызды нысандардың ашылуымен көпшілікті құттықтады.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС ——

Ең алдымен 74 шақырымға созылған «Кеген – Нарынқол» автомобиль жолының орташа жөндеу жұмысы толық аяқталып, көлік қозғалысы басталды. Жол суық ресайклинг технологиясымен қалпына келтіріліп, екі қабат асфальтбетон төселді. Бұл жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, көлік қозғалысының қолайлылығын арттырады. Күн сайын бұл бағытта 1200-ден астам көлік қатынайды. Жоба құны – 8,1 млрд теңге. Құрылыс жұмысына 350 мың тонна құм-қиыршықтас және 165 мың тонна асфальтбетон қоспасы пайдаланылды. Сонымен қатар жол бойындағы 14 аялдама жөнделіп, 78 жол қиылысы мен кірме жол ретке келтірілді. Су өткізу жүйесін жақсарту мақсатында алты құбыр орнатылды.

Алғашқы болып құттықтау сөз сөйлеген аймақ басшысы сапалы жол экономиканы өркендетіп, халықтың тұрмыс деңгейіне әсер ететін басты негіз екенін атап өтті.

«Аталған бағыт шалғайда жатқан қос ауданның елдімекендерін жалғап қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін үздіксіз тасымалдауға, туризмнің дамуына және аймақтағы экономикалық байланысты нығайтуға тікелей ықпал етеді. Ең бастысы, тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қатынауына жағдай жасалды. Ендігі кезекте жолдың күтімін сақтап, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды», – деді Шыңғыс Әрінов.

Соңғы екі жылда «ҚазАвтоЖол» облыстағы жол инфрақұрылымын дамытуға 32 млрд теңге қаржы бөлді. Соның арқасында 400 шақырым жол жаңартылды. Қазіргі таңда «Алматы – Қаскелең» автомобиль жолы 4-тен 8 жолаққа кеңейтіліп жатыр. Жыл соңына дейін «Алматы – Талғар» бағытында жөндеу жұмысын бастау жоспарланып отыр.

Сапар әрі қарай Нарынқол ауылында жалғасты. Мұнда бір ауысымда 250 адамға көмек көрсете алатын емхана есігін айқара ашты. Медициналық нысанның жалпы аумағы – 6 650 шаршы метр. Жоба құны – 4,1 млрд теңге. Емхана заманауи құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілген. Бұл шалғай аудан халқына жедел көмек көрсетіп, медициналық қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аурудың алдын алу үшін диагностикалық зерттеу жүргізіліп, бір күнде күндізгі стационарда 20 адам ем қабылдайды. Тұрғындар рентгенологиялық зерттеу, флюорография, маммография, компьютерлік томография, ультрадыбыстық зерттеу, электрокардиография және жүрек-қантамыр жүйесін функционалдық зерттеу қызметіне жүгіне алады. Сондай-ақ халыққа жалпы практика дәрігері, терапевт, педиатр, хирург, акушер-гинеколог, офтальмолог, оториноларинголог, невропатолог, эндокринолог және басқа да бейінді мамандар қызмет көрсетеді. Созылмалы ауруы бар пациенттерді бақылау, жүкті әйелдер мен балалардың денсаулығын қадағалау, профилактикалық тексерулер, скринингтік зерттеулер және вакцина салу жағдайы да қарастырылған.

«Ұлт саулығын жақсарту, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру – мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі. Бұл орайда, әсіресе шалғай мекендерді заманауи медицинамен қамтамасыз етудің маңызы зор. Нәтижесінде ауруды ерте бастан анықтап, тиісті көмекті уақытында көрсетуге мүмкіндік бар. Осылайша, ауыл мен қала арасындағы медициналық көмек сапасының алшақтығы азайып, тұрғындардың өмір сүру жағдайы жақсара түспек», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Ал аудан тұрғындары емхананың көңілден шыққанын айтты. «Осы ауылда туып-өсіп, талай жыл қызмет етіп, зейнетке шықтық. Қазіргі кезде ауданымыз көз алдымызда қайта түлеп, дамып келеді. Сондықтан мұндай емхана бізге өте қажет. Бұрын техникалық құрал-жабдықтың жетіспеушілігінен емделуге көбіне қалаға баруға тура келетін. Енді алысқа сабылмай-ақ, ем-шараны өз ауылымызда қабылдай аламыз», – деді ауыл ақсақалы Бекболат Бірбаев.

Нарынқолда ашылған тағы бір маңызды нысан – жылына 680 мыңға дейін талдау жүргізілетін ветеринариялық зертхана. Мұнда жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы ауруларын уақытылы анықтауға, жануарлардан алынатын өнімдердің қауіпсіздігіне нақты көз жеткізуге болады.

Зертхананың ашылу рәсімінде сөз сөйлеген облыс әкімі нысан өңіріміздің ветеринариялық қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізетінін айтты.

«Ауыл шаруашылығы дамыған өңіріміз үшін ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мал ауруларының алдын алу және азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау айрықша маңызға ие. Барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мекеме осы бағыттағы жұмыстарды заманауи талаптарға сәйкес жүргізуге әлеуетті. Төрт түліктің саулығы ауыл шаруашылығының дамуына ғана емес, халықтың денсаулығына да тікелей әсер етеді. Осы нысанның құрылысына атсалысып, іске қосылуына үлес қосқан барша азаматтарға алғыс айтамын», – деді аймақ басшысы.

Зертханада жүргізілген зерттеулер ветеринария мамандары мен уәкілетті органдарға тиісті шешімдер қабылдауға, індетке қарсы іс-шараларды жоспарлауға көмектеседі. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының экономикалық тұрақтылығын сақтауға және халықаралық сауда байланысын нығайтуға зор ықпал етеді.

(Соңы 2-бетте) ➡

БАСЫЛЫММЕН БІРГЕ БОЛ!

Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

БАСПАСӨЗ – 2027

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2027 жылға газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
8747688174l, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1, 3-қабат.

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	6103,44	5742,72	12206,88	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар	14792	11872,80	7326,72	23745,60	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5743,44	5382,72	11486,88	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



Бішкектегі басқосу 4 бет



Шәкен Аймановтың соңғы шәкірті 5 бет

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

ЖАҢА НЫСАН

ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

Алатау қаласында «Iconic Complex» құрылысының іргетасы қаланды. Құрылыстың басталу салтанатына Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова, сондай-ақ құрылыс саласының мамандары мен халықаралық компаниялардың өкілдері қатысты.

● Ерзат АСЫЛ ——

Салтанатты рәсімде жаңа жобаның тұжырымдамасы таныстырылып, оның Алатау қаласын дамытудағы маңызы айтылды. Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Алатау қаласына ерекше құқықтық мәртебе берілгенін атап өтті. «Алатау қаласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы зор жоба. «Iconic Complex» құрылысының басталуы – Қазақстанның келешектегі келбетін танытатын заманауи қала жобасының іске асуындағы елеулі қадамдардың бірі. Алатау қаласын дамыту мәселелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұрақты бақылауында. Биыл мамыр айында Алатау қаласына арнайы құқықтық мәртебе берілді. Қаланың ерекше құқықтық мәртебесіне сай инновациялар, инвестициялар және экономикалық өсім үшін қолайлы орта құруға бағытталған дербес экожүйені қалыптастыруды көздейтін түбегейлі жаңа тәсілдер қолданылады. Қазір Конституциялық заңға сәйкес, қаланы мемлекеттік басқарудың жаңа моделі енгізілді. Атап айтқанда, кәсіпкерлік, кеден ісі, цифрлық активтер, әлеуметтік сала, қаржы нарығы, архитектура мен қала құрылысы, экология әрі қоршаған ортаны қорғау, басқа да салаларды реттеудің негізгі қағидалары белгіленді. Бүгінде негізгі капиталға салынған инвестициялар өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,6 есеге өсті. Салымдардың 45 пайыздан астамы сыртқы инвестиция саналады. Алатау қаласының инвестициялық портфелінде 7 млрд долларға жуық 67 жоба қамтылған. Жүзеге асырылып жатқан жобалар 55 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді», – деді Қанат Алдабергенұлы.

Бас мердігер қытайлық «CSCEC» компаниясының басшысы Гао Бо «Iconic Complex» сияқты ауқымды жобалардың басталуы тұтас қала дамуына жаңа серпін беретінін тілге тиек етті. «Жобаны жүзеге асыруда жоғары стандарттар қойылған. Үздік командалар мен ресурстар тартылған. Біз ұлттық ауқымдағы жаңа сәулеттік қонақжайлық нысанды қалыптастыруға ниеттіміз. «Iconic Complexқ Алатау қаласының басты сәулеттік символы, оның төлқұжаты, қаржылық әрі іскерлік инфрақұрылымның өзегі болады. Бұл жоба – жоспардан практикалық серіктестікке өтудің жарқын мысалы», – дейді Гао Бо.

Жобаға қатысушылардың айтуынша, «Iconic Complex» өңірдегі технологиялық және инвестициялық орталықты қалыптастыруға үлес қосатын сәулет нысандарының бірі болмақ. «Iconic Complex» Алатау қаласының Gateway District іскерлік ауданында орналасады. Барлық нысан шамамен 12,6 гектар аумақты қамтиды. Кешеннің жалпы жобалық ауданы – 292 350 шаршы метр. Оның жерүсті бөлігінің ауданы – 227 350 шаршы метр. Кешеннің ең биік нысаны – Т2 мұнарасы. Оның биіктігі 272 метр болады. Жоба аяқталғаннан кейін бұл ғимарат Қазақстанның оңтүстігіндегі ең биік нысанға айналуы мүмкін. Т2 мұнарасында кеңселер, қонақүй, 75 апартамент және панорамалық көрінісі бар Sky Club орналасады. Ал биіктігі 78 метр болатын Т1 мұнарасында 200 апартамент қарастырылған. Әр қабатта террасалар, ғимараттың төбесінде бақ болады. Осылайша, екі мұнарадағы апартаменттердің жалпы саны 275-ке жетеді. «Iconic Complex» құрамындағы сауда орталығы 40 мың шаршы метр аумақты қамтиды. Мұнда дүкендер, супермаркет, мейрамханалар мен кафелер ашу жоспарланған. Сауда нысандары кешен аумағының оңтүстік бөлігінде орналасады. Құрылысқа толығымен жеке инвесторлар есебінен 800 миллионнан 1 миллиард АҚШ долларына дейін қаражат жұмсалады. Жобаны отандық девелопер «Alatau City Iconic Complex» жүзеге асыруда. Жобаның концепциясын әлемге танымал американдық SOM бюросы мен британдық «Zaha Hadid Architects» әзірлеген.

Алатау қаласы

ҚОС ӨЛКЕНІҢ ҚУАНЫШЫ

(Басы 1-бетте)

Әрі қарай аудан жұртшылығы «КегенМясПром» ет өңдеу зауытына табан тіреді. Кеген ауданында іске асырылған жобаның құны – 2,5 млрд теңге. Заманауи кәсіпорында күніне 10 тонна ет өңделіп, жартылай фабрикатталған 20 түрлі өнім дайындалады. Қазіргі таңда мұнда 50-ге жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Жоба өңдеу өнеркәсібін дамытып, ішкі нарықтағы отандық өнім көлемін ұлғайтуға бағытталған. Сонымен қатар кәсіпорын жергілікті шикізатты тиімді пайдалануға және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Кеген халқын кәсіпорынның ашылуымен құттықтаған Шыңғыс Сайранұлы жаңа ет комбинаты ауданның тыныс-тіршілігіне жан бітіретінін атап өтті. Енді жергілікті тұрғындар малын шалғайға тасымай-ақ, өз елдімекенінің аумағында бордақылап, тиімді шарттармен өткізе алады. Аймақ басшысы өз сөзінде осы бағытта жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп, жаңа инвестициялық жобаларға қажетті жағдай жасалатынын жеткізді. Сондай-ақ жаңа ет комбинаты Кеген ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

Зауытта күніне 120 бас ірі қара, 100 бас ұсақ мал және 20 бас жылқы еті бордақыланып, өңделеді. Дайын өнім ірі сауда желілері мен өндіріс цехтарына жөнелтіледі. Кәсіпорында мамандарды оқыту жұмысы да жолға қойылған.

«КегенМясПром» ЖШС директоры Светлана Қозыбақова ет өңдеу зауытын Кеген ауданында ашуы бекер емес екенін айтты. «Бұл жақтың табиғаты мал өсіруге өте қолайлы. Жайлаудың шүйгін шөбін жеп өскен малдың еті өте дәмді әрі экологиялық таза болады. Жаңа кәсіпорын толығымен заманауи жабдықтармен қамтылған. Мемлекет тарапынан да үлкен қолдау көрсетіліп, техника сатып алуға субсидия берілді. Алдағы уақытта өндіріс ошағының жанынан 5 000 басқа арналған мал бордақылау алаңын ашуды жоспарлап отырмыз», – деді кәсіпорын басшысы.

Іссапар Кеген мен Алматыны байланыстыратын автожол бойындағы «Compass Group» жанар-жағармай бекетінің ашылуымен қорытындыланды. Кешен қызмет көрсету сапасын жақсартып, өңірге келетін туристер санын арттыру, демалушыларға қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Салтанатты рәсімде облыс әкімі құттықтау сөз сөйлеп, аудан халқына заманауи кешенді тарту еткен азаматтарға ризашылығын білдірді.

«Бизнес өкілдерінің мұндай бастамалары – сапалы сервистің дамуына, бәсекелестіктің өсуіне және жергілікті экономиканың жандануына жол ашатын маңызды қадам. Алдағы уақытта да кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру және заманауи инфрақұрылым нысандарының санын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетін болады. Бүгінгі ашылып отырған «Compass Group» кешені «Алматы – Кеген» бағытымен қатынайтын жолаушылар үшін сенімді аялдамаға айналып, қызмет көрсету мәдениетін жаңа деңгейге шығарады деп сенеміз», – деді Шыңғыс Сайранұлы.

Кешеннің жалпы аумағы 2 гектарды құрайды. Мұнда жанармай құю стансасы, экспресс-маркет, дәмхана, демалыс аймағы мен санитарлық тораптар бар. Жоба құны 3 млрд теңгеге жуықтайды. Қазір бекетте 80 азамат тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Райымбек, Кеген аудандары

БӘРЕКЕЛДІ!

Республика күніне орай Жамбыл ауданында жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Қарғалы ауылында бой көтерген екі қабатты ғимараттың жалпы аумағы 3 мың шаршы метрден асады. Нысанда 350 орынды көрермен залы, 50 орынды кіші мәжіліс залы, кітапхана, асхана, хореография залы, үйірмелер өткізуге арналған және өзге де қажетті бөлмелер қарастырылған. Енді мұнда 11 қызметкер жұмыспен қамтылатын болады. Жобаға 1,5 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалды.

Мәдениет үйі ашылды



● Серік САТЫБАЛДИЕВ ——

Салтанатты рәсімге зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, өнерпаздар мен ауыл тұрғындары қатысты. Алматы облысының әкімі де Қарғалыға арнайы барып, халық қуанышына ортақтасты.

«Бүгін біз үшін қос қуаныш! Ұлық мерекеміз – Республика күніне орай Қарғалы ауылында сәулеті келіскен, заман талабына сәйкес салынған Мәдениет үйі есігін айқара ашып отыр. Осы айтулы оқиғамен баршаңызды құттықтаймын! Өздеріңіз білесіздер, Қарғалы – Жамбыл ауданындағы халық саны жағынан Ұзынағаштан кейінгі ең ірі ауылдық округ. Тарихы – терең, тірлігі – берекелі, еңбекқор халқымен танылған іргелі елдімекен. Осындай үлкен ауылдың заманауи руханият ошағына деген сұранысы да жоғары екені белгілі. Жаңа Мәдениет үйі – осы қажеттілікті өтеуге бағытталған маңызды нысан. Бұл – ауыл тұрғындарының мәдени демалысын ұйымдастыруға, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамытуға жасалған нақты қадам», – деді Шыңғыс Сайранұлы. Сондай-ақ Мәдениет үйінің ашылу салтанатында облыстың Құрметті азаматы, Қарғалы ауылының тұрғыны Сейітқали Ыбытаев ақсақал жақсы іске ақ батасын берді. Құрметті қонақтардың қатысуымен жаңа нысанның лентасы қиылып, Қарғалы ауылының «Асыл әжелер» ансамблінің ақ жаулықты апалары шашу шашты. Мәдениет ошағының табалдырығы құтты, шаңырағы биік, керегесі кең, төрі берекелі болсын деген ақ тілектер ақтарылды.

Көптен күткен қуанышқа жиналғандардың арасында осы ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Шәріпбек Уағызұлының пікірін сұрағанымызда:



– Бүгін ақ түйенің қарны жарылған күн болып тұр. Біздің ауылдағы көптен күткен қуанышқа бүкіл аудан жұрты қуанды десем қателесе қоймаспын. Өйткені тұрғындар заманауи бір мәдениет ошағына зар болғалы қырық жылға жуықтапты. Өзім мемлекеттік қызмет ардагерімін. Аудан әкімдігінде ұзақ жыл жұмыс істедім. Қазір зейнеткермін. Сондықтан мұндай күрделі құрылыстың қалай жүзеге асатынын жақсы білемін. Игілікті іске ұйытқы болған облыс, аудан басшыларына алғысымыз шексіз. Республика күнінде бұл ауыл жұртшылығына тамаша тарту болды, – деді.

Сол күні Қарғалы ауылдық Мәдениет үйінде алғашқы мәдени шара өтті. 350 орынды көрермен залы лық толып, мерекелік көңіл-күй салтанат құрды. Республика күніне арналған салтанатты жиында аудан әкімі Нұрлан Ертас жұртшылықты мерекемен құттықтады. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына еңбегімен үлес қосқан бірқатар азаматқа салтанатты түрде Алғыс хат, Құрмет грамотасын және салалық ведомстволардың марапаттарын тапсырды. Артынан мерекелік концерт тамашаланды.

Жамбыл ауданы

МАРАПАТ

ӘЛЕУМЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МЫҢ АЛҒЫС!

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде Әлеуметтік сала қызметкерлері күніне орай мерекелік жиын өтті. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Қуаныш Бақытұлы, сала мамандары қатысты.

● Құралбек СӘБИТОВ ——

Әлеуметтік сала расымен де жүрек жылуын, сабыр мен төзімді, кәсіби біліктілік пен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мұнда қызмет ететін мамандардың әрбір күні біреудің мұңын тыңдаудан, бір отбасының мәселесіне үңілуден, көмекке мұқтаж жанның жағдайын жеңілдетуге ұмтылудан басталады. Қоғамның әлеуметтік ахуалы тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Оның шынайы сипаты көмекке мұқтаж азаматтарға жасалған қамқорлықтан, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілген құрметтен, тұрмысы төмен отбасыларға ұсынылған қолдаудан көрінеді. Осы жауапты міндеттің үдесінен шығып жүрген әлеуметтік қызметкерлердің еңбегі қашанда құрметке лайық.

Міне, осындай игі істің басында жүрген мамандарға құрмет көрсетуге арналған салтанатты жиын Мәдениет үйінің кіреберісінен орын алған көрмеден басталды. Ерекше балалардың қолынан шыққан әр бұйымның қадірі биік, құндылығы жоғары екені көзге анық көрінеді. Артынша әлеуметтік қызметкерлердің күнделікті еңбегін, халыққа көрсетіп жүрген көмегі мен жанашырлығын арқау еткен бейнеролик ұсынылды. Бейнежазбадан әртүрлі өмірлік жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсетіп, олардың қалыпты өмірге бейімделуіне, қоғаммен байланысын нығайтуына атсалысып жүрген мамандардың қызметі көрініс тапты.

Салтанатты жиында алғашқы құттықтау сөзді алған облыс әкімінің орынбасары Қуаныш Бақытұлы әлеуметтік сала қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды орнына тоқталып, халықтың әл-ауқатын арттыру жолындағы еңбектеріне ризашылығын білдірді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға қамқорлық танытып, олардың мәселелерін



шешуге атсалысу үлкен жауапкершілік жүктейтін міндет екенін айтты. Бұл бағытта кәсіби шеберлікпен қатар адамгершілік қасиеттердің де маңызы зор екенін тілге тиек етті. Ол өз сөзінде:

– Құрметті әлеуметтік сала қызметкерлері! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Әлеуметтік жұмыс – жай ғана мамандық емес, ол үлкен жүректі, мейірімділікті, сабыр мен шыдамдылықты, сондай-ақ жоғары жауапкершілікті талап ететін абыройлы қызмет. Сіздердің әрбір шешімдеріңіздің артында адам тағдыры, бір отбасының үміті, талай жанның өмірге деген сенімі тұр. Сондықтан атқарып жүрген жұмыстарыңыздың маңызы ерекше. Бүгінгі таңда облыс әкімдігі үшін халықты әлеуметтік қорғау – басым бағыттардың бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 23,9 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Биыл 8 мыңға жуық адам атаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды. 2548 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 35 мың азамат жұмыспен қамтылды. Бұл – халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға нақты көмек көрсетуге бағытталған жұмыстың нәтижесі. Мейірім мен жанашырлыққа негізделген ізгі қызметтеріңіз жемісті болсын, – деді ол.

Қуаныш Бақытұлы өз сөзінен соң әлеуметтік қорғау саласында көп жылғы адал еңбегімен танылған бірқатар маманға «Еңбек ардагері» медалін, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыс етті.

Бұдан соң сөз сөйлеген облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Асыл Ваисов сала мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың атқарып жүрген жұмыстарына алғыс білдірді. Басқарма атынан бірқатар білікті маманға Алғыс хат табыстады. Марапат иелерінің қатарында аудандық және қалалық жұмыспен қамту бөлімдерінің, мансап орталықтарының қызметкерлері болды. Сондай-ақ әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға күнделікті қызмет көрсетіп, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға атсалысып жүрген мамандардың еңбегі де назардан тыс қалмады. Салтанатты шараның мазмұнын музыкалық ән-шашулар толықтыра түсті. Өнерпаздар орындаған әсем әндер мерекелік жиынға ерекше реңк беріп, сала мамандарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТАЗА СУМЕН ҚАМТЫЛДЫ



Қарасай ауданына қарасты Жармұхамбет ауылында көптен күткен қуанышты оқиға болды. Ауылға жаңа ауызсу құбыры тартылып, тұрғындар таза әрі сапалы тіршілік нәріне қол жеткізді. Игі істің бітуіне арналған салтанатты шарада алдымен аудан әкімі Жасұлан Естенов жиналған көпшілікті Республика күнімен құттықтады.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ ——

– Бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында республикалық бюджеттен 1,4 млрд теңге бөлінді. Осы қаражатқа 51 шақырым су желісі тартылып, екі ұңғымасы бар резервуар салынды. Осы арқылы 1200-ден аса отбасын таза ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік туып отыр.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Атап айтқанда, жақында Қайрат және Қаратөбе ауылында осындай жоба жүзеге асырылады. Сондай-ақ Шалқар, Кемертоған елдімекендерінің тұрғындары да таза суға қол жеткізеді. Мұндай жобалардың іске асуы мемлекетіміздің дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Аталған ауызсу жүйесін пайдалануға беру жыл соңына жоспарланған. Алайда Абай Аманшаев басқаратын «Байс-А» компаниясы өз міндетін екі ай бұрын аяқтап, мерзімінен бұрын беріп отыр. Сондықтан мердігер компанияға алғысымызды білдіреміз, – деді аудан әкімі.

Осыдан кейін сөз алған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мейрамбай Махметов тұрғындарды таза су желісінің пайдалануға берілуімен құттықтап, жобаны жүзеге асырған аудан әкімдігі мен құрылысшыларға жұртшылықтың ыстық ықыласын жеткізді.

Салтанатты шара барысында Жасұлан Тоққожаұлы мен Мейрамбай Қасымбайұлы арнайы түймешені басу арқылы су желісін іске қосып, ресми ашылуын паш етті.

– Жармұхамбет ауылында осыған дейін 70-жылдары салынған ескі ауызсу жүйесі жұмыс істеген еді, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық мекемесінің басшысы Бекзат Кәрімов. – Алайда желі ескіріп, тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету мүмкіндігі азайған болатын. Осыған байланысты жүйені қайта салу және жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгінде магистральды және абоненттік жүйе толықтай аяқталған.

«Су – өмірдің нәрі» дейді дана халқымыз. Еліміздің барлық елдімекені таза ауызсумен қамтамасыз етіліп жатса, өркендегеніміздің көрінісі осы емес пе!?

Қарасай ауданы



БРИФИНГ

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Рустам Исатаев брифинг өткізіп, аграрлық саладағы жетістіктер мен өңір экономикасын өркендететін бірқатар маңызды жоба туралы баяндады.

● Ерзат АСЫЛ ——

Аудан басшысының айтуынша, ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Оның құрамына мал және егін шаруашылығымен қатар, балық өсіру мен бау-бақша да кіреді. Биыл 80 мың гектарға жуық жерге дақыл себілген. Қазіргі таңда жүгері мен майбұршақ ору жұмысы жүргізіліп жатыр.

– Ауданның аграрлық салмағы жер қорынан да көрінеді. Алматы облысының суармалы жерінің 36 пайызы біздің ауданда орналасқан. Облыстағы бұрыш алқаптарының 77 пайызы, қиярдың 66 пайызы, қызанақтың 63 пайызы Еңбекшіқазақ ауданына тиесілі. Алма бақтарының 62 пайызы да осында. Біз жылына 50 мың тоннаға жуық алма жинаймыз. Бұл Алматы қаласы мен облыс қажеттілігінің төрттен бірін қамтамасыз етеді. Аудан өнімі еліміздің басқа өңірлеріне де сатылады, өңделеді, экспортқа шығарылады. Ендігі міндет – осы мүмкіндікті шаруаның тұрақты табысына айналдыру. Ол үшін суару, сақтау және өңдеу инфрақұрылымын қатар дамытып жатырмыз. Ауданда жыл сайын шамамен 60 мың тонна қызанақ жиналады. Оның едәуір бөлігі өңдеу кәсіпорындарына жіберіледі. Мәселен, аудандағы бір ірі кәсіпорын жыл сайын томат пастасын өндіру үшін 12 мың тоннадан астам қызанақ қабылдайды, – деді Рустам Маратұлы.

Аудан әкімінің сөзінше, өңдеу саласын одан әрі дамыту мақсатында Тескенсу ауылдық округінде «Qazaq Global Food» жобасы жүзеге асырылмақ. Жобаның алғашқы кезеңінде алманы өңдеп, шырын мен джем өндіру көзделген. Кейін өндіріс ауқымын кеңейтіп, қызанақ пен қияр сияқты көкөністерді өңдеу жоспарланып отыр.



Спикердің айтуынша, мұндай өндірістер жергілікті шаруашылықтар үшін өнімдерін өткізудің қосымша арнасын қалыптастырады. Сонымен бірге ішкі нарыққа және экспортқа шығарылатын тауар көлемін арттыруға жағдай жасайды. Қазір аудан өнімдері тұтынушыларға жаңа піскен көкөніс пен жеміс түрінде ғана емес, томат пастасы, алма шырыны, пюре және джем ретінде де ұсынылады.

– Өнімді сақтау инфрақұрылымы да маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта ауданда жалпы сыйымдылығы 37 мың тоннадан асатын 26 қойма бар. Оның ішінде 24 жеміс қоймасының сыйымдылығы 36 мың тоннаға жуық. Ал екі көкөніс қоймасы 1 300 тонна өнім сақтауға арналған, – деді Еңбекшіқазақ ауданының әкімі.

Ел экономикасындағы маңызды саланың бірі – өнеркәсіп. Сырттан келетін шикізат экспортына тәуелділікті азайтып, жергілікті жердің өндірісіне серпін беру, отандық өнім түрін арттырып, ішкі өндірісті әртараптандыру – негізгі міндеттердің бірі. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсібін ашуға ниетті азаматтарға қолдау көрсетілуде. Жергілікті жерге инвесторлар тартылып, жаңа өндіріс орындары іске қосылуда.

Еңбекшіқазақ ауданында бүгінде 108 өнеркәсіп орны қызмет көрсетеді. Сонымен қатар өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін арттыру үшін жаңа өндірістік жобаларға басымдық беріледі. Атап айтқанда, «Шелек» индустриялық аймағын агрокластер ретінде дамыту көзделген. Оның аумағы – 244 гектар. Бұл алаңда ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін кәсіпорындарды орналастыру жоспарланып отыр.

Аталған баспасөз мәслихатында Рустам Маратұлы тілшілердің үш ауысымды мектеп, ауызсумен қамту, коммуналдық жүйелерді жаңғырту бойынша қойылған сауалдарына да жауап берді.

– Біздің жауапкершілігіміз – жердің өнімділігін арттыру, суды тиімді пайдалану және өңдеу көлемін ұлғайту. Нәтижесінде шаруаның табысы көбейіп, ауылда тұрақты жұмыс орындары ашылады, – деді Рустам Исатаев.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

Қыркүйектің соңынан бастап Қазақстанда шетелден автокөлік әкелу және оны рәсімдеу ережелері өзгерді. Жаңа талап бойынша, зертханалар жеке тұлғалардан бес жыл толмаған және өзіне алған көліктердің ғана құжатын қабылдайды.

Автокөлік әкелу және оны рәсімдеу ережелері өзгерді

Қазақстандықтар енді шетелден мерзімі бес жылдан асқан көлік әкеле алмайды. Өткен айдан бастап сырттан кірген машиналардың электрондық паспортын, яғни кедендегілердің тілінде айтқанда «ЭПТС» рәсімдеу тәртібі өзгерді. Жаңа талап бойынша бұдан былай шығарылған мерзімі 2021 жылға жетпейтін темір тұлпарларды тіркеу мүмкін емес. Зертханалар жеке тұлғалардан тек қана мерзімі 5 жылдан аспаған және жеке пайдалануға алған көліктердің құжатын қабылдамақ.

«Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 23 қыркүйектегі №474 бұйрығына сәйкес (25 қыркүйектен бастап күшіне енді), жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін әкелетін бес жылдан асқан автокөліктерге көлік құралдарының электрондық паспорты рәсімделмейді. Сондықтан мұндай автокөлікті әкеліп, оны Қазақстанда әрі қарай пайдалану үшін рәсімдеу мүмкін емес», – деп мәлімдеді Мемлекеттік кірістер комитеті.

Ал Ресей мен Қырғызстан сияқты Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінен кірген 5 жылдан ескі машиналар рәсімделсе, оларға «аяқталмаған» деген мәртебе беріледі. Бұлай қабылданған көліктер Қазақстанда алғашқы тіркеуден өтпейді. Айта кетсек, бүгінде 1 адам жеке пайдалануға сырт елден жылына бір көлік қана тіркей алады. Қажет болған жағдайда салмағы 3 жарым тоннаға жетпейтін тіркемені немесе автоүйді қосымша әкелуге болады. Ал елге кірген соң құрылғыны жеке пайдалануға арналған тәртіппен рәсімдеу қажет. Бұл жағдайда кедендік төлем төлейді. Оның мөлшері есептеу тәсіліне қарай көлік құнының 48%-ын немесе қозғалтқыштың әр текше сантиметрі үшін 1 жарым еуроны құрайды.

Электронды көлік паспортына қатысты талаптар да өзгерді. 2026 жылғы 23 қыркүйектегі бұйрыққа сәйкес, жеке тұлғаларға шығарылғанына бес жылдан аспаған көліктерге ғана электронды паспорт рәсімделеді. Сонымен қатар электронды паспорттағы көлік иесі туралы мәліметтер жолаушылардың кедендік декларациясындағы декларант туралы деректермен сәйкес келуі тиіс. Үшінші елден жеке пайдалануға әкелінген көлікке конструкция қауіпсіздігі туралы куәлік те шектеулі түрде беріледі. Мұндай құжатты бір күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық рәсімдеуге болмайды. Бұған қоса, көлікті сәйкестендіру, VIN-кодын тіркеу және зертханалық тексеру талаптары күшейтіледі. Қандай талаптар енгізілуі мүмкін? Қазақстан билігі көлік импортына қатысты қосымша шектеулерді де қарастырып жатыр. Олардың қатарында жеке тұлғалар әкелетін көліктерге қойылатын экологиялық талапты Еуро-4-тен Еуро-5 деңгейіне көтеру, әкелінетін көліктердің жасына бес жылдық шектеу енгізу, көлікті алғаш рет тек құжаттарда импорттаушы ретінде көрсетілген адамның атына тіркеу бар. Алайда бұл ұсыныстар әзірге дайындық кезеңінде. Сондықтан оларды қолданысқа енгізілген талаптар ретінде қарастыруға болмайды.

Қазақстан автомобиль одағының мәліметінше, елде шамамен 5,6 млн көлік бар. Соның 44 пайызға жуығы 20 жылдан астам уақыт пайдаланылып келеді. Сарапшылар көлікті шетелден сатып аларда оның бағасымен қатар тарихы мен заңдық тазалығын да тексеруге кеңес береді. Кей жағдайларда көлік сатып алынғаннан кейін оның бұрын іздеуде болғаны немесе күмәнді тарихы бары анықталуы мүмкін. Қазір мемлекеттік органдар техникалық талаптарды тексеру, утильалым төлеу, кеденнен өткізу, электрондық паспорт алу және мемлекеттік тіркеу рәсімдерін бір жүйеге келтірумен айналысып жатыр.

Ермұрат МҰҚЫРБАЙ

ЦИФРЛАНДЫРУ

Төрт түлік бақылауда

Төрт түлігі тіршілігінің берекесі саналатын Райымбек ауданында мал шаруашылығы – ауыл тұрғындарының негізгі кәсібінің бірі. Ветеринариялық жағдайдың тұрақтылығы мен шаруашылықтағы тәртіптің сақталуы – баршаға ортақ міндет. Осы ретте аудан көлемінде малды бірдейлендіру жұмысы ерекше қарқын алуда.

● Ақерке БИЖАН ——

Бұл – мал қозғалысын бақылауға, аурудың алдын алуға және ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды шара. Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ірі-қара мен ұсақ мүйізді мал үшін арнайы сырға салумен сипатталса, жылқы малына микрочип орнату арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Райымбек ауданында жылқыға микрочип салу әр ауылдық округте белсенді жүргізілуде. Жұмыс барысын өз көзімізбен көріп, ветеринария саласының мамандарынан ақпарат алып қайттық. Бұл әдіс дәстүрлі таңбалау мен ен салуға қарағанда едәуір оңай, малды да жарақаттамайды. Микрочип арқылы жануарға қатысты барлық дерек арнайы базада сақталады. Бұл өз кезегінде мал ұрланған немесе жоғалған жағдайда иесін жылдам табуға өз септігін тигізеді. Сондай-ақ жол бойында жарыса жайылған жылқы малы өз кезегінде жол көлік оқиғаларына себеп болады. Осыған орай жылқыларға шағылыстырғыш мойынбау тағылып, жол қауіпсіздігі қамтамасыз етілуде.

Мамандардың айтуынша, Райымбек ауданының ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру базасына 45650 ірі қара, 366950 ұсақ мүйізді мал, 45000 бас жылқы тіркелген. Малды бірдейлендіру – жай ғана есепке алу жұмысы емес, ауыл шаруашылығындағы тәртіп пен ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Әсіресе жылқы малына микрочип орнату арқылы әр жануар туралы нақты мәліметтің бірыңғай базаға енгізілуі мал иесіне де, мамандарға да мол мүмкіндік береді. Ал жол бойында жайылатын жылқыларға шағылыстырғыш мойынбау тағу – малдың қауіпсіздігін ғана емес, жүргізушілер мен жолаушылардың өмірін қорғауға бағытталған алдын алу шарасы.

Әр мал иесі төрт түлігін уақытылы бірдейлендіріп, ветеринариялық талаптарды сақтауға жауапкершілікпен қарағаны жөн. Өйткені малдың есебі мен қауіпсіздігі жолға қойылған жерде шаруашылықтың да берекесі артып, ауданның ветеринариялық ахуалы тұрақты болады.

Райымбек ауданы



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ – АДАМ ИГІЛІГІ

Президент Жолдауынан түйген ой

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын тікелей эфирден тыңдап әрі Ақорданың ресми сайтынан оқып шықтым. Себебі Мемлекет басшысының әр жылғы Жолдауы – еліміздің алдағы жылдардағы жүрер жолы мен мақсат-мұратын айқындап беретін аса маңызды құжат. Мемлекет басшысының Жолдауын жыл сайын халық сол үшін асыға күтеді әрі барынша назар аударады.



Елдің ұзақ мерзімді дамуын ғылым мен білімсіз елестету мүмкін емес. Жолдау көтерген жаңғыру міндеттерін ой елегінен өткізгенде, оларды жүзеге асыратын адамдарды қалай даярлаймыз деген сұрақ туады. Жол салатын инженер, адам емдейтін дәрігер, жаңа технология жасайтын зерттеуші, ұрпақ тәрбиелейтін ұстаз сапалы білім және жайлы өмір ортасында қалыптасады. Сол себепті Жолдаудағы ғылым-білімге жұмсалған күш пен қаражатты елдің келешегіне салынған инвестиция деп бағалайтын ұстаным бүгін ғана емес, соңғы 5-6 жылда өмірімізге дендей енген құндылық десек те болады.

Білім сапасының негізі баланың ойлау қабілетін дамытуда жатыр. Ақпаратты жаттап айтуымен қатар оқушы сұрақ қоюды, дәлел іздеуді, салыстыруды және өз пікірін негіздеуді үйренуі керек. Өмірлік мәселеге білімін қолдана білетін жас жаңа ортаға бейімделуге де қабілетті болады. Мектептің мақсатына осы тұрғыдан қарасақ, оқу мазмұны мен бағалау тәсілдерінің адамға беретін пайдасын тереңірек түсінеміз. Ол үшін ауылда да, қалада да заманауи мектептер болуы керек. Жолдауда бұл мәселенің кеңінен көрініс табуы ел ертеңіне деген сенімді еселеп арттыра түсті.

Жолдауда айтылғандай, ауыл мен қала баласының білім алу мүмкіндігін теңестіру де тұрақты назарда. Дарынды бала кез келген жерде дүниеге келеді. Оның қабілетін ашуға жақсы мұғалім, кітапхана, зертхана, шығармашылық орта және жігерлендіретін қолдау керек. Интернетке қосылу маңызды мүмкіндік болғанымен, баланың жанында бағыт көрсететін ұстаздың болуы шешуші мәнге ие. Сондықтан техникамен жабдықтауды педагогикалық қолдаумен бірге дамыту орынды деп есептеймін.

Ғылымға қатысты жеке пікірім, 2022 жылдан бері ғалымдарға тұрақты жағдай жасалып келеді. Сондай-ақ әсіресе жас ғалым өзінің болашағын ел ішіндегі зертхана, университет және өндіріс орнымен байланыстыра алса, қоғам ұтады десек, соңғы 5-6 жылдан бері жас ғалымдарға мемлекет тарапынан бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетіліп келеді. Ғылыми жобаның нәтижесін бағалағанда оның жаңалығын, дәлелінің сенімділігін және ықтимал пайдасын ескеру мәселесі де дәстүрге айналып үлгерді.

Жолдауда айтылған университеттер мен өңірлердің байланысын күшейту туралы ұсыныс та ерекше маңызды. Әр аймақтың су, экология, ауыл шаруашылығы, энергетика немесе өндіріс саласында зерттеуді қажет ететін мәселелері бар. Осындай сұраныстарға студенттер мен ғалымдарды тарту білімнің қоғамдық маңызын арттырады. Жастар нақты міндетті шешуге қатысып, кәсіби тәжірибе жинайды. Ғылым мен күнделікті өмірдің байланысы күшейген сайын зерттеуге деген қоғамдық сенім де артады.

Жолдауда көтерілген маңызды мәселенің бірі – жасанды интеллектіні ел өміріне енгізу. Біз мұны қазақ қоғамының болашаққа деген дайындығының маңызды бөлігі ретінде қабылдадық. Бұл технологияға қатысты басты сұрақ қарапайым: ол адамның жұмысын қалай жеңілдетеді, қызмет сапасын қалай жақсартады, жаңа мүмкіндікке қалай жол ашады? Әрбір жобаның пайдасы осы сұрақтарға берілетін нақты жауаптан көрінгені дұрыс. Технологиялық жаңалықтың құндылығын оның адамға тигізетін көмегімен ғана емес, ұлттық құндылықтарға оң-теріс әсерінің салмағымен өлшеуді орынды деп санаймыз.

Мемлекеттік басқаруда жасанды интеллектіні қолданудың әлеуеті зор. Мысалы, өтініштердегі қайталанатын мәселелерді анықтау, үлкен көлемдегі деректерді салыстыру, жоспарланған шығындардың негізділігін саралауға көмектесу сияқты міндеттерді қарастыруға болады. Мұндай құралдар қызметкердің талдау жасау мүмкіндігін кеңейтіп, уақытын үнемдеуге бағытталуы тиіс. Ел тұрғындары үшін азаматтың мәселесін жылдам әрі сапалы шешуге көмектесетін технологиялық өзгеріс қана шынайы жаңғыру болып саналады. Сонымен бірге технологияны енгізген сайын жауапкершілік те айқын болуы қажет. Адамның өтінішіне, құқығына немесе әлеуметтік жағдайына әсер ететін шешімнің қалай қабылданғаны түсінікті болғаны жөн. Қате анықталса, оны түзетудің және шешімді қайта қараудың қолжетімді жолы керек. Жеке деректерді қорғау, ақпараттың дұрыстығын тексеру, маманның бақылауын қамтамасыз ету сияқты талаптарды біз технологияға деген сенімнің негізгі шарттары деп білеміз.

Осы жолғы Жолдауда көрсетілгендей әрі ел Президентінің үнемі дәріптеп жүретініндей, жасанды интеллектіні игеру мүмкіндігі қоғамның әр тобына қолжетімді болуы маңызды. Ауылдағы кәсіпкер, тәжірибелі мұғалім, егде жастағы азамат та жаңа құралдардың пайдасын түсініп, қажетіне қарай пайдалана алуы керек. Ол үшін қарапайым тілмен түсіндіретін оқыту бағдарламалары қажет. Қазақ тіліндегі сапалы цифрлық мазмұн мен қызметтерді дамытуға ерекше мән берген жөн. Ана тіліміздің технологиялық ортада толыққанды қолданылуы оның болашақ мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Білім-ғылым саласында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан маман ретінде білім беруде жасанды интеллектіні пайдаланғанда жастардың және жасөспірімдердің дербес ойлауын сақтау маңызды деп есептейміз. Дайын жауапты алудың жеңілдігі ізденуге деген ынтаны әлсіретпеуге тиіс. Оқушы ұсынылған ақпаратты тексеруді, өз қорытындысын жасауды және пайдаланған көмегін ашық көрсетуді үйренгені дұрыс. Мұғалімге де жаңа құралды меңгеруге уақыт пен әдістемелік қолдау қажет. Технология педагогтің шығармашылық жұмысын кеңейтіп, оқушыға көңіл бөлуіне мүмкіндік бергені жөн болар еді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп мәселесіне ерекше назар аударылуын қолдаймын. Азаматтың мемлекет туралы түсінігі көп жағдайда нақты қызметкермен сөйлескен сәтте қалыптасады. Өтінішін тыңдаған, жағдайын түсіндірген, шешім жолын көрсеткен маман сенім тудырады. Ал немқұрайлы жауап пен негізсіз созбалаң адамның көңіліне күмән ұялатады. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі әдеп күнделікті іс-әрекеттен көрінетін кәсіби талап болуы керек. Жолдау меңзегендей, жаңа әдеп қағидаттарының өзегінде адалдық, әділдік, құзыреттілік және азаматқа құрмет тұруы қажет. Қызметкер өзіне берілген өкілеттікті қоғамдық мүдде үшін пайдалануға жауапты. Қабылданған шешімнің себебін түсіндіру, кателікті мойындап түзету, мүдделер қайшылығына жол бермеу – осы жауапкершіліктің нақты көріністері. Азаматтың әлеуметтік жағдайына, таныстығына немесе мәртебесіне қарамастан бірдей құрмет көруі қоғамдық сенімді нығайтады. Әрине, Мемлекет басшысы меңзегендей, әдепті орнықтыруда басшының жеке үлгісі де маңызды. Ұжымда әділ бағалау, ашық пікір айту және негізді бастама көтеру мүмкіндігі болса, қызмет сапасы да жақсарады. Жауапкершілік талап етумен бірге адал маманның дербес шешім қабылдауына жағдай жасалуы керек. Нәтижені бағалағанда орындалған іс-шара санымен қатар, шешілген мәселені және азаматтың алған қызметінің сапасын ескерген жөн.

Жолдауда мұғалім абыройын қорғау мәселесінің көтерілуі жұрт көкейіндегі үміт пен сенім отын алаулатқан ерекше құбылыс болды. Ұстазға деген құрмет – білімге, бала тәрбиесіне және елдің ертеңіне деген құрмет. Мұғалім күн сайын түрлі мінезді, түрлі қабілетті балалармен жұмыс істейді. Оның кәсібі терең білімді, сабырды, ізденісті және үлкен адамгершілік жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтің қадір-қасиетін қорғау бүкіл қоғамның ортақ ұстанымына айналуы қажет-ақ.

Мемлекет басшысы айтқандай, мұғалімнің құқығын қорғаудың нақты мазмұны болуы керек. Ол өз міндетіне қатысы жоқ тапсырмалардан, орынсыз қысымнан және негізсіз айыптаудан қорғалуға тиіс. Даулы жағдайда ұстаздың түсініктемесі тыңдалып, оқиғаның барлық мән-жайы әділ қаралғаны жөн. Әлеуметтік желіде тараған үзіндіге сүйеніп асығыс үкім шығару адамның беделіне ауыр әсер етуі мүмкін. Әділдікке құрылған рәсім мұғалімге де, оқушыға да, ата-анаға да қажет.

Ұстаз мәртебесін көтеруде оның уақытын қадірлеудің маңызы ерекше. Сабаққа дайындалу, оқушының жұмысын талдау, қиналған балаға қосымша түсіндіру және кәсіби дамумен айналысу уақытты талап етеді. Ұстаз ретінде, бір мәліметті бірнеше жүйеге қайта-қайта енгізу сияқты басы артық жұмыстарды барынша ықшамдау керек деп санаймын. Мұғалімнің күш-қуаты балаға бағытталғанда, білім сапасына нақты жағдай жасалғанда ғана білім сапасы артады.

Мектептегі тәртіпсіздік мәселесі де бүгінде қоғамның бас ауруына айналды. Бұл мәселеге министрлік те, ата-ана да, қоғам да байыппен қарауымыз қажет. Сабақты әдейі бұзу, қорлау, күш көрсету, қатарласын кемсіту – білім ортасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекеттер. Мұндай жағдайды елеусіз қалдыруға болмайды. Қай елде, қай кезде болса да, жұрт мектепте баршаға түсінікті тәртіп ережелері болғанын және олардың бірізді қолданылғанын қалайды һәм қолдайды. Әр бала өзінің құқығымен бірге өзгелердің қауіпсіздігі мен оқуына құрметпен қарау міндетін толық түсінуі үшін ата-ана, мектеп, қоғам тұтас белсенді болуы керек.

Педагог ретінде айтарым, тәртіпті нығайту жұмысы баланың қадір-қасиетін сақтаумен қатар жүруге тиіс. Талап қоюдың мақсаты – жасөспірімді жауапты әрекетке үйрету. Қателік жасаған балаға әрекетінің салдарын түсіндіру, зиянын түзету жолын көрсету және қажет болған жағдайда психологиялық қолдау ұсыну маңызды. Зорлыққа, қорлауға немесе көпшілік алдында кемсітуге негізделген тәсілді дұрыс деп санамаймын. Әділ талап пен адамгершілік, қамқорлық қатар жүргенде тәрбиенің ықпалы күшейеді. Мұның бәрі Жолдауда толығымен көрініс тапқаны – құптар дүние.

Жолдаудағы бастамалардың орындалуына қатысты жұрттың басты тілегі халықтың нақты өзгерісті сезінуі десек қателеспейміз. Сондықтан Жолдауды, оған қатысты жобаны іске асыру барысында орындалған жұмыс туралы анық ақпарат беріліп, кездескен қиындықтар ашық талқыланғаны дұрыс. Қоғаммен тұрақты байланыс жауапкершілікті күшейтіп, ортақ іске деген сенімді арттырады. Өз тарапымыздан Жолдауда айтылған елдің жаңғыруын білімге ұмтылудан, адал еңбектен, қоғамдық мүлікке ұқыпты қараудан және өзгенің құқығын құрметтеуден бастау керек деген ұстанымды толықтай қолдаймыз. Әр азаматтың осындай күнделікті таңдауы үлкен өзгерістерге негіз болады. Президент Жолдауындағы адам игілігіне бағытталған бастамаларды қолдай отырып, олардың табысты жүзеге асуына кәсіби жауапкершілік, қоғамдық белсенділік және әділ талап қажет екенін ерекше атап айтқымыз келеді.

Біздің азаматтар болашақ Қазақстанды әр өңірінде өмір сүруге қолайлы жағдай жасалған, медицинасы қолжетімді, ғылымы өркендеген, ұстазы құрметті, баласы қауіпсіз ел ретінде көргісі келеді. Жаңа технологияны меңгерген, мемлекеті азаматқа қамқорлықпен қарайтын, еңбекті бағалайтын қоғам қалыптастыру – ұрпақ алдындағы ортақ міндетіміз. Осы мақсатқа қызмет ететін әрбір нәтижелі қадамды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып қолдау қазақстандық һәммә жұрттың азаматтық парызы деп білеміз. Бүгінгі жауапкершілігіміз бен тиянақты еңбегіміз келер ұрпақтың сенімді болашағына айналсын. Ұлы Абайдың сөзін сәл өзгертіп айтсақ, Жолдаумен бірге, жұртшылық, сен де түзел!

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ,
Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, профессор

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қырғыз елінің астанасы Бішкек қаласында VI Халықаралық түркі дүниесінің коммуникация және өнер симпозиумы өтіп, онда Орталық Азияның журналистері мен ғалымдары ақпараттық кеңістікті дамыту, өнер мен мәдениет саласындағы ынтымақтастық тақырыптарын талқылады. Шараға Қырғызстаннан бөлек, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қазақстан елдерінен университет ғалымдары, профессорлар, ақпарат, мәдениет саласының өкілдері шақырылды.





Бішкектегі басқосу

Түркі халықтарының ғылым, мәдениет, өнер және ақпарат саласындағы өкілдерін біріктірген халықаралық жиынға Қазақстан Журналистер одағының жауапты хатшысы Баян Рамазанова мен Қазақстан Журналистер одағының Алматы облысындағы филиал жетекшісі, Алматы облыстық қоғамдық-саяси «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұңғатар да қатысып қайтты.

Бішкектегі беделді жоғары оқу орындары – Манас және Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеттерінде ұйымдастырылған басқосу түркі дүниесіндегі кәсіби байланыстарды нығайтуға, ортақ мәдени мұраны кеңінен насихаттауға және заманауи коммуникацияның мүмкіндіктерін талқылауға бағытталды. Халықаралық симпозиумда журналистер мен зерттеуші-ғалымдар, режиссерлар тарапынан коммуникация және кино тақырыбындағы өзекті мәселелер көтерілді. Бағдарлама аясында қатысушылар жасанды интеллектіні пайдалану, цифрлық медианың дамуы, жалған ақпаратпен күрес, хабар таратудың жаңа қағидасы, мәдени дипломатия және кино өнеріндегі ынтымақтастық туралы тәжірибе алмасты.

Түркі халықтарының тілі мен тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті бағзыдан өзара тамырлас. Сондықтан осындай игі құндылықтарды ақпарат құралдары арқылы насихаттау, жаңалық алмасуды жандандыру және бірлескен медиа жобаларды дамыту – мәдениет пен ақпарат өкілдеріне, журналистер қауымына ортақ міндет. Осы орайда Түркия, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан және Әзербайжан елдерінің журналистер ұйымы өзара әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Симпозиум аясында өткен өзара ынтымақтастық шарасында түркі елдеріне ортақ ақпараттық портал ашу және оны жүргізу жұмыстары да талқыланып, тараптар алдағы күндерде де жаңа жобаларды бірлесе атқаруға уағдаласты. Шара шеңберінде Қырғызстан Журналистер союзының атынан Қазақстан Журналистер одағының жауапты хатшысы Баян Рамазановаға, Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан журналистер ұйымының төрағалары мен мүшелеріне «Құрметті журналист» төсбелгісі мен арнайы марапаттар тапсырылды.

«Басқосуда түркі елдерінің журналистері, ғылым саласының өкілдері коммуникация, мәдениет және өнер тақырыбында пікір алмастық. Орталық Азияда журналистика сапасын жаңа деңгейге көтеру жайын талқыладық. Жаңа ұсыныстар, идеялар ортаға салынды. Жасырары жоқ, бүгінде жасанды интеллект журналистиканың дамуына үлкен әсерін тигізіп отыр. Бірақ жасанды интеллект журналистиканы толық алмастыра алмайтыны анық. Өйткені журналист оқиға болған жерге барып, көзімен көріп, терең сараптама, талдау жасай біледі. Ал жасанды интеллектінің ондай мүмкіншілігі жоқ. Біз жасанды интеллектіге жаңа технология, көмекші құрал ретінде қарап, оған жұмысымызды жеңілдету үшін әрі қосымша ақпарат алу мақсатында дұрыс бағыт енгізе алғанымыз жөн. Бүгінгі қол қойып отырған өзара әріптестік туралы меморандум да Орталық Азияның ақпараттық кеңістігін дамытуға тың серпін береді деп сенемін. Түркі елдерінің журналистеріне ортақ портал ашу идеясы бұрын да жиі айтылған. Бүгін, міне, Мендерес мырза сол бастаманы жүзеге асырып отыр. Бұл іске қуаныштымыз. Жиынды ұйымдастыруға мұрындық болған Түркі дүниесі журналистер федерациясының төрағасы Мендерес Демир мырзаға, Қырғызстан Журналистер союзының төрағасы Илязбек Балташев мырзаға ерекше алғысымызды білдіреміз», – деді Қазақстан Журналистер одағының жауапты хатшысы Баян Рамазанова.

Бішкекте өткен халықаралық деңгейдегі басқосу түркі дүниесінің ақпарат, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын тереңдетуге бағытталған маңызды кәсіби алаңға айналды. Осындай кездесулер журналистер арасындағы әріптестік байланысты бекемдеумен бірге ортақ тарих пен мәдениетті кейінгі жас буынға танытып, түркі халықтарының рухани-мәдени байланысын нығайта түсері де сөзсіз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Бішкек қаласы,
Қырғыз Республикасы

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

ШӘКЕН Аймановтың СОҢҒЫ ШӘКІРТІ



Иә, қайсыбір адам бұл дүниеден озса да, неге екенін, ол саған тірі сияқты көрінеді десем, Балтабайды да мен әлі күнге арамызда жүргендей сезінемін. Бәлкім, бұл бала күннен қатар өскен досқа деген қимастық шығар?! Тіпті, солай дегенде де, Балтабай тез ұмытылатын адам емес. Өйткені сонау ойын баласы кезінде-ақ ол өзінің болмыс-бітімімен, жүріс-тұрысымен, әрбір іс-әрекетімен өзі қатарлас балалардың арасынан ерекшеленіп тұратын. Ерекшелігі сол, ол өз ойын дұрыс болса да, бұрыс болса да, күлбілтелемей, қашанда ашық айтатын. Тіпті өз қатары түгіл, ересек адамның іс-әрекеті көңіліне қонбаса, ойын ішке бүгіп қалмайтын. Рас, тура айтып, туғанына жақпай қалатын да сәттері болатын. Бірақ мүлдем бос сөзге, өтірікке жоқ Балтабай мұндайда еш саспайтын. Түбінде шындықтың беті ашылатынына риясыз сенетін. Оның осындай қайтпас, қайсар мінезін айналасындағы достары да жақсы білетін. Содан да оның әр сөзіне қалтқысыз сенетін. Енді ойласам, бетіне күліп, ту сыртыңнан әжуалап жүрмейтін мұндай досыңның болуы кімнің болса да арманы ғой. Балтабайдың да мына өмірден өтіп кетсе де, көңілден кетпеуінің бір сыры, бәлкім, осы қасиеттерінен болар?!

Қалай десек те, көп айтса көнді, жұрт айтса болды деп ешқашан өзінің қолайына жақпаған жайтты қоштай кетпейтін, ал айтса, қандай жағдайда да өз ойынан қайтпайтын, әрдайым өз пікірінде қалатын оның бірбеткейлігі де, қайсарлығы да, енді ойласақ, ана сүтінен, әке тәрбиесінен бойына сіңген мінез екен-ау.

Балтабайдың бірсөзділігі, қашанда ақиқаттың жағында қалатыны мектептегі мұғалімдерге де ұнайтын. Ұнағаны сол, оны бәрімізге үлгі тұтатын. «Сонау жаугершілік заманда туса, Балтабай, сөз жоқ, нағыз атақты батыр болар еді» дейтін олар сүйсіне. Бұл сөзге бәріміз үнсіз келісетін едік. Өйткені бұл жаны бар сөз болатын. Расында да, Балтабайдың түр-тұлғасы да батырға лайық ірі әрі келісті көрінетін. Топ баланың ішінде тұрса да, алдымен жарқырап көзге түсетін. Балтабайдың жан әлемін дүр сілкіндірген бір жайт әлі күнге есімізде. Әрине, бұл оқиға тек Балтабайға ғана емес, бәрімізге де ерекше әсер сыйлаған десем, атағы жер жарған Шәкен Аймановтың келуі біз үшін шын мәнінде зор қуаныш болды. Әрине, ол кісі жай келмепті. Біздің Қастек ауылында, Суықтөбе тауының баурайында «Алдар көсе» фильмін түсірмекші екен. Ағамыз уақыттың қадірін білетін адам ғой, ырғалып-жырғалып жүрмей, келген бетте-ақ жұмысқа қызу кірісіп кетті. Бұл кезде ауылда қонақүй қайдан болсын, ол кісінің Сейітмамыт ақсақалдың, яғни Балтабайдың үйіне түскені де біздің ішімізді қыз-қыз қайнататын. Әрине, бізді де түсінуге болады. Олай дейтінім, бұл тұрғыда да Балтабайдың бәсі бізден гөрі әлдеқайда жоғары еді. Айтары жоқ, біз күн сайын сабақтан қашып, сонау тау баурайында кино түсіріп жатқан жерге шаршап-шалдығып әзер жетіп, сол жерден атақты әртісті сыртынан, шала-шарпы көргенімізге мәз болсақ, Балтабайдың ол кісіні күнде көруге мүмкіндігі болуы өз алдына, тіпті Шәкен ағамызбен дастарқан басында бірге отырып, ертегіге бергісіз қызықты әңгімелерін тыңдаудың өзі ғаламат қой. Сол кездегі түсінігімізге сай бізге бұл Балтабайдың басына конған бақ болып көрінген. Енді ойласақ, бұл шынында да Балтабайдың басына қонған бақ екен-ау. Рас-ау, Шәкен ағамен күн сайын дидарласу, ой бөлісу, жан әлеміңді жаңа сезімдермен тербету әркімнің маңдайына бұйыра бермеген мүмкіндік. Сол мүмкіндік оның алдағы өмір жолының бағыт-бағдарын айқындап бергені де анық.

Бала болсақ та, сол тұста біз досымыздың бойынан, көзқарасынан, әлдеқандай беймәлім өзгерісті сезінетін едік. Содан да шығар, сол өзгерістің сырын білгіміз келетін. Алайда көп сөзге үйірлігі жоқ Балтабай оңай шешіле кетпейтін. Шәкен аға туралы да сөзін қысқа қайыратын.

– Ой, өткенде кино түсіру алаңына барып, өздерің де көрдіңдер ғой. Бір қарағанда, ол кісі күнде көріп жүрген өзіңе етене таныс адам сияқты. Бірақ, олай емес...

– Неге? – дейміз біз оның алқымынан алып.

– Білмеймін... Өз басыма ол кісі кейде мына тауға ұқсайтын сияқты. Неге десең, тауға шыққанда, оның биіктігі байқалмайды. Ал ауылға қайтқанда, артыңа қарасаң, әлгінде ғана баурайында асыр салған тау көз алдыңда асқақтап кетеді емес пе?! Ағаның әңгімесін тыңдағанда, алаңсыз күліп, мәз болсақ, артынша ол кісіні танымай қаласың, өйткені көз алдыңда жұмбақ адамға айналып, сенен алыстап кеткендей болады, – деді ол бірде.

– Апырай ә, сонда қалай? – дейміз біз дал болып.

– Неге екенін әзірге өзім де білмеймін. Ол кісіні көруге тағы да барамыз деп жүр едіңдер ғой. Егер барсаңдар, мен айтқан сырдың жұмбағын бәлкім сендер шешетін шығарсыңдар, – деді ол ендігі сөздің жүгін өзімізге аударып.

Мына сөзден кейін біз кино түсіру алаңына тағы да барып қайтуды ұйғарып, жолға шықтық. Кино түсіріп жатқан тұсқа жақындай бергенде бір байқағанымыз, киногерлер үзіліске шыққан екен. Шәкен ағамыз болса басқа жұрттан бөлектеу, бір бұтаның түбін саялапты. Әлдеқандай бір әнді ыңылдаған күйі жамбастап жатқан оның өзінен бұрын киімі көзімізге түсті. Жүдеу өмірге үйренген ауыл баласы болсақ та, ол кісінің үстіндегі әбден тозығы жеткен бешпеті мен мыжырайған тұмағы біртүрлі көзімізге тосын көрінген. Әрине, бұл Алдар көсені ойнау үшін киген киімі екенін іштей топшыласақ та, оның бұл болмысы көңілімізге қонатын емес. Содан да таңырқай қарап тұрып қалыппыз. Ағамыз да соны байқаса керек, орнынан атып тұрды да, бізге қарай жүрді. Ол кісінің шалт қимылына өзара дуылдасып отырған әріптестері елеңдеп қалып еді, ол жайланып отыра беріңдер дегендей белгі берген күйі жанымызға таянып келіп, әрқайсымызға бар ықыласымен қол беріп амандасып шықты. Біздің әлі де тосырқай қарап тұрғанымызды байқамаған қалып танытқан ол: «Оу, осы сендер біздің Балташ батырдың достарысыңдар-ау шамасы?!» – деді тағы да. Бізде үн жоқ. Үнімізді өшіріп тұрған өз сықпытымыз екенін әрқайсымыздың ішіміз сезіп тұр. Өйткені жол-жөнекей шаң қауып, тер жуған түріміз де, алдымыздағы аға-әпкелеріміздің иығынан ауысқан олпы-солпы киімдеріміз де біздің ұсқынымызды қашырып тұрғаны анық. Әйтсе де Шәкен ағаның Балтабайды өзімсініп, біздің Балташ дегенін ешқайсымыз қалт жібермегеніміз анық. «Балтабай қандай бақытты. Мына кісі оны тап бір өз баласындай еркелетіп, біздің Балташ» деді ғой дегендей бір-бірімізге көзіміздің астымен қарап қоямыз.

Балтабайдың бірсөзділігі, қашанда ақиқаттың жағында қалатыны мектептегі мұғалімдерге де ұнайтын. Ұнағаны сол, оны бәрімізге үлгі тұтатын. «Сонау жаугершілік заманда туса, Балтабай, сөз жоқ, нағыз атақты батыр болар еді» дейтін олар сүйсіне. Бұл сөзге бәріміз үнсіз келісетін едік. Өйткені бұл жаны бар сөз болатын. Расында да, Балтабайдың түр-тұлғасы да батырға лайық ірі әрі келісті көрінетін. Топ баланың ішінде тұрса да, алдымен жарқырап көзге түсетін.

– Мына батырлар сонша жерден шаршап-шалдығып келді ғой. Шөлдеген болар? Кәне, су әкеліңдер, – деді ол ендігі сәтте өз әріптестеріне қарап. Едәуір жол жүріп, кәдімгідей шөлдеп қалыппыз. Ұсынған судан тартынбай ішіп жатырмыз.

– Ал енді Алдар көсе бабаларың жайлы не білесіңдер? Соны айтыңдаршы, – деді ол біз біраз сергігеннен кейін. Бұл жолы да жауап беруге ешкім асықпаған.

– Ойпырмай, сендер мүлдем ынжық екенсіңдер ғой, – деді ол тағы да бізден көңілі қалғандай таусыла сөйлеп. Мына сөз біздің намысымызға шоқ тастап жібергендей әсер етті білем, бәріміз қозғалақтап, іштей шамырқанып қалғандаймыз.

– Ой, аға, неге олай дейсіз? Алдымен сізге үйренісіп алайық дегеніміз шығар. Әйтпесе ынжық емеспіз. Алдар көсе жайлы білетініміз де аз емес, – дедім бір кезде шыдай алмаған мен.

– О, бәрекелді! Менің де сенderден күткенім осындай жауап қой. Енді сен мынаны айтшы, Алдар көсе өмірде болған адам ба, жоқ ойдан туған бейне ме? – деді ол енді маған қарай бұрылып. Осы кезде мен әкемнің сөзін есіме алдым. Ол кісі кітапты көп оқитын адам еді. Күн сайын маған жаңа ертегі айтудан жалықпайтын. Бірде осы Алдар көсе жайлы бір кеш бойы әңгімелеген. Сол кезде мен әкеме дәл осындай сұрақ қойғаным бар. Сонда ол «Кім біледі, бір кездері сондай бір тапқыр әрі әділетті адам өмір сүрген де болар. Ең бастысы, ұры-қарыдан, бай-шонжарлардан көп қорлық көрген халық осындай ел еңсесін көтерер, көпке жанашыр болар адамды аңсаған да шығар. Демек, бұл бейне адам қиялының жемісі болуы да мүмкін» деген. Мен не дер екен дегендей жауап күтіп тұрған Шәкен ағаға осыны айтып едім, ол кәдімгідей риза болып қалды. Ертесіне ол кісіні бетпе-бет көргенімізге масаттанған біз көрген-білгенімізді айналамыздағы балаларға айта бастап едік, Балтабай лепірген көңілімізді су сепкендей басты.

– Сендердің ол кісінің сұрағына тәптәуір жауап қайтарғандарың өте дұрыс болған екен. Алайда Шәкен ағамен сөйлесуге үлкен дайындық керек сияқты. Мен соны ұғына бастадым. Мысалы, Алдар көсе біз ойлағандай, күлкілі бейне емес, үлкен трагедиялық тұлға екен. Ал ағамыз оны қазақ халқының жоғын жоқтайтын күрескер адам ретінде көрсеткісі келеді, – деді ол. Әрине дәл осы тұста білгішсініп, әңгіме арасына киліккен Балтабайдың бұл сөзінің байыбына бойлай қоймағанымыз да рас. Алайда арада біраз жылдар өткенде, «Алдар көсе» фильмін қайталай көріп отырғанда ғана оның сол жолы не айтқысы келгенін айқын ұқтым десем де болады.

Ауылымызға бір жаз ғана қонақ болып келген Шәкен ағаның әр адамға ерекше әсер сыйлағаны, бір көрген кісіге де туысындай етене жақын болып кеткені жайлы аңызға бергісіз әңгімелер сол тұста желдей есіп жатты. Ал ағамыз Алматыға қайтар кезде ауыл адамдарының қимастықпен оны шығарып салғаны да есте. Әсіресе жұртшылықты оның дәл аттанарда бала Балтабайды бауырына басып: «Балташ, сенен гениальный әртіс шығады. Мен оны көріп те, сезіп те тұрмын. Рас айтам, сенің бойыңда бәрі бар. Ақыл да, батырға тән тұлға да, мені танидың ба деп тепсініп тұрған талант та, тіпті әркімге бұйыра бермейтін сырт келбет те, қысқасы, өнер адамына қажет қасиеттің бәрі бар. Саған айтар ақылым сол, мектеп бітірген соң басқа салаға алаңдамай, өнерге баулитын оқуға бар. Өйткені енді сен бойыңдағы осы бір қасиетті ұштауың керек», – деді деген сөз ауыздан ауызға тарап жатты.

Шіркін, Балтабай бала болса да сол кезде-ақ нағыз сабаз екен-ау. Жұрт аузында жүрген әлгіндей сөзге әлдекімдер құсап, күпініп шыға келген жоқ. «Шәкен ағамыз көпті көрген білікті адам ғой. Сондай кісінің бата бергеніне қуанып-ақ қалдым. Алайда бәрі адамның өзіне байланысты», – деді ол бұл жолы да сөзін қысқа қайырып.

Уақыт өте келе кез келген жайт ұмытыла бастайтыны хақ. Балтабай төңірегіндегі бұл әңгіме де саябырсыған. Ал ауылдағы 8 сыныптық мектепті бітіріп, бәріміз жан-жаққа тарыдай шашылып кете барғанда мүлдем ұмытылды десем де болады. Алайда сана түкпірінде қалған сол әңгіме арада бірқатар уақыт өткенде қайта жаңғырған. Өйткені Балтабай театр сахнасынан, экраннан сомдаған кейіпкерлер галереясы қазақ өнерінің тарихына алтын әріппен жазыла бастады. Е, біздің Балтабайға қазақ өнерінің корифейі бекер үміт артпаған екен. Талантты баланы тап басып таныпты-ау десті жұрт. Иә, дәп осы тұста кезінде Балтабайдың жігерін жанып, намысын қайраған өнерге деген ынтасын оятқан алғашқы ұстазы өзге емес, Шәкен Аймановтың өзі болғанына көпшіліктің еш күмәні қалмады.

Уақыттың өзі дәлелдегеніндей, өнерді өрге сүйрейтін де, оны өркендететін де мінезді адамдар ғой. Ал біздің Балтабай да мінезді тұлға болатын. Ол алдына нендей мақсат қойса да, сол асуды алмай тынбайтын қайсар мінезінің арқасында театр сахнасынан, экраннан талай-талай өлмес бейнелерді сомдай жүріп, режиссер ретінде де өнер әлеміне зор үлес қосты. Міне, осы тұста режиссер Балтабай екеуміздің шығармашылық жолымыз ойламаған жерден түйісе кеткені бар.

Түйісе кеткені сол, сонау бір тұста мен драмалық туынды жазуға әуестене бастаған едім. Тіпті сол алғашқы тырнақалды туындыларымның бір-екеуін республикалық драматургиялық байқауларға жолдағаным да бар. Қызық болғанда, сол алғашқы туындыларым жүлделі орындарды иеленіп, өзімді де таңғалдырып қойған еді десем, бірде бүгінгі қазақ өнерінің корифейлерінің бірі Талғат Теменовпен тосыннан жолығысып қалғанбыз. Сол кезде Тәкеңнің амандықтан кейін: «Туындыңыз байқауда жүлдеге ие болған екен. Құтты болсын! Енді сол дүниелеріңізді театрларға ұсынып көріңіз. Біздің театрға да жіберсеңіз болады», – дегені бар еді.

– Ұнамай қалуы мүмкін ғой, – дедім мен.

– Ұнамаса, ұнамады деп айтамыз. Алдымен оқып көру керек қой.

Мына сөзден кейін мен ойлана келе сиясы әлі кеппеген бір-екі пьесамды жастар театрының электронды поштасына салып жібердім. Алайда дәмелене қоймадым. Өйткені театрлар көбіне кәсіби драматургтермен жұмыс істеуді өздеріне қолай көреді екен дегенді естігенім бар. Алайда көп ұзамай Талғаттың өзі телефон шалған. Бұл кезде Тәкең Ғабит Мүсірепов атындағы жастар театрының директоры болатын.

– Жұмеке, жіберген дүниелеріңізді қарап шықтым. Одан әрі театр режиссерлеріне де ұсынып едім, олардың да көңілінен шыққан сияқты. Қолыңыз қалт еткенде театрға келіп қайтыңыз. Пьесаңызды сахнаға қоюға ниет білдіріп отырған режиссермен де өзара ақылдасып алғаныңыз жөн, – деген соң театрға келсем, мен іздеген адам өзіме етене таныс Балтабай екен. Шынын айту керек, онымен ой бөлісу, пікір алмасу өзіме де оңай болатынына кәдімгідей қуанып қалдым. Ол менің «Жынды көбелек» атты туындымды таңдаған екен. Бұл бүгінгі қайшылығы көп жастар өмірі жайлы өзекті мәселені қозғайтын дүние еді. Алайда бұл жолы Балтабай мені көп бөгеген жоқ. «Сен бүгін қайта бер. Бұл дүниені әртістермен бірге талқылап та алдым. Енді оны сахнаға әзірлеу қалды. Кейіпкерлерді сомдайтын әртістер де белгілі. Енді оның сахналық нұсқасы әбден піскен кезде саған өзім хабарласамын. Сол кезде кем-кетігі жайлы екеуміз ақылдасамыз ғой», – деді ол. Осы жолы өрекпіген көңілім олқы түсіп қайтқанымен, Балтабай уәдесінде тұрды. Көп ұзамай ол сахналық нұсқа дайын екенін айтып, мені қайтадан театрға шақырды. Осы жолы екеуміз өзара келісіп, бұл дүниені «Сағым қуғандар» деген атпен көрермен назарына ұсынуға келістік. Сондай-ақ әртістер тобының қатысуымен кейбір иін қандыра түсетін тұстары жайлы да өзара пікірлескеніміз де есте. Ең қызығы, осы бас қосуда Балтабай әріптестерінің алдында екеуміздің бала кезден бірге өскенімізді айтқанда, мен едәуір ыңғайсызданып-ақ қалдым. Неге десеңіз, сахнаға мына дүниені таныстықпен қойғалы жатыр деп ойлап қалса, Балтабай үшін өте ыңғайсыз болады ғой деймін ғой баяғы. Сол қаупімді айтып едім, ол рахаттана күліп алды да: «Ол жағына қам жеме. Мен жүрген орта өзіме ұнамаған нәрсені ешқашан қолға алмайтынымды өте жақсы біледі», – деді ол. «Е, бала кездегі мінезің еш өзгермеген екен-ау», – дедім сол сәт мен де іштей еріксіз сүйсініп.

Сонымен Ғ.Мүсірепов атындағы театр менің сахна өнеріндегі тұсауымды кесті десем, Балтабайдың режиссерлік шешімі пьесаның айтар ойын одан әрі айшықтап жібергені соншалық, көрермен қауым бұл дүниені демін ішіне тарта отырып қызықтаған. «Ең соңында сахнадағы оқиғаға бар жан-тәнімен елітіп кеткен көрермен қауым бір сәт сілтідей тынып отырып қалды да, тек әлден уақыттан кейін ғана дуылдата қол соғып, көпке дейін тұрып алды», – деп жазды журналистер қауымы сол күнгі премьера хақында. Айтары жоқ, Балтабайдың қолы жеңіл болды. Олай дейтінім, осыдан кейін еліміздегі бірқатар театрлар бірінен кейін бірі осы дүниені өз сахналарында қоя бастады. Алайда бұл басқа әңгіме.

Енді, міне, өзінде де, өнерінде де қылаудай жасандылығы жоқ сол Балтабайдың арамыздан кеткеніне де бір жыл өтіпті-ау. Өкініште-ақ. Қайран Балтабай деп аһ ұрғаннан еш шара жоқ. Ажал – айтысатын дау емес, алысатын жау емес. Алланың бұйрығымен мына өмірге келген адамның мәңгілік мекеніне кететіні хақ. Тек көңілге медет тұтатынымыз, ол бұл өмірден жай ғана өте шыққан жоқ. Қазақ өнеріне өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Бұл дегеніңіз, оның көз алдымыздан кеткенімен, рухани ғұмыры жалғаса береді деген сөз.

Жұмағүл СОЛТЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

ӨМІР-ӨЗЕН

АРДА ТУҒАН АЗАМАТ

Өткен ғасырдың 90-жылдары еліміз өз егемендігін алды. Бұрынғы одақтас республикалар да тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз алдына шаңырақ құрып жатты. Дербес ел болған мемлекетімізге көптеген қиындықты еңсеріп, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дер кезінде шешуіне тура келді. Ол кездерде мен Жезқазған облысы Ақадыр ауданында қызметте едім. ҚР ҰҚК басшылығының шешімімен 1994 жылы орталық аппаратқа әскери қарсы барлау басқармасына жұмысқа ауыстым. Сол кездерде ұзақ жыл қызмет атқарған соң, Алматы қаласына қызметке ауысу жас мамандардың арманы болатын.



Кеңес одағы кезінде арнайы бөлімдер (КСРО МҚК) тікелей орталыққа бағынатын. Сондықтан арнайы бөлімдердегі басшылық құрамдағы және қатардағы қызметкерлер негізінен Ресей, Украина, Беларусь және басқа одақтас республикалардан келіп, қызметтерін атқаратын. Қауіпсіздік қызметінің бұл бағытындағы тәжірибелі қызметкерлер өз мемлекеттеріне, туған, өскен жерлеріне қайтып жатты. Осындай күйзеліс жалпы Қорғаныс министрлігінде де тереңнен орын алды.

Қазақстан Республикасында шекара тек Қытай Халық Республикасы бағытында қалған болатын. Сол 1994 жылы мен ҚР ҰҚК әскери қарсы барлау басқармасының Шонжы әскери гарнизонындағы бөлім басшысы қызметіне тағайындалдым. Көп ұзамай, Алматы қаласы әкімінің көмекшісі Мұрат Қожаханұлымен таныстым. Алматы қаласы әкімдігі Шонжы шекара отрядына қамқорлықтарын көрсетіп, материалдық, техникалық тұрғыдан жәрдемдерін жасап тұрды. Осындай өнегелі іс-шараның басы-қасында әкімнің көмекшісі Мұрат Мұсабаев жүрген еді.

Мұрат құрдасым ақжарқын жүзді, жүрген жерінде елді аузына қарататын көпшіл, терең білімді, озық ойлы азамат екен. Байқағаным, ол жанындағы жандарға, ағайын-туыстарға, бауырларына, тіпті жаңа танысқан азаматтарға өзінің шапағатын шашып, қолынан келген көмегін аямайтын болып шықты. Іскер азамат жоғарғы лауазымдағы мемлекеттік қызметтерде болды. ҚР Президентінің іс басқармасында консультант, бөлім меңгерушісі, Алматы облысы әкімінің көмекшісі, аппарат басшысы, ҚР Төтенше жағдайлар агенттігінің төрағасы Заманбек Нұрқаділовтің орынбасары қызметтерін үлкен абыроймен, тиянақты түрде атқарды.

Кейінгі жылдары Мұрат Қожаханұлы Өскемен арматура, Алматыда С.Киров атындағы машина жасау зауыттарының бас директоры қызметтерінде болып, еліміздің экономика саласының дамуына өз үлесін қосты.

Ұзақ жылғы мінсіз қызметі, елге сіңірген еңбегі үшін полковник Мұрат Мұсабаев ел құрметіне ие болды. Көптеген мемлекеттік медальдың иегері, республика, облыс басшылығының Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарымен марапатталған. ҚР Құтқару қызметінің құрметті қызметкері.

Ол елге үлгі болатындай отбасын құрды. Ұл-қыздарына дұрыс тәлім-тәрбие беріп, олардың жоғары білім алуына жағдай жасады. Ұлы Бақтияр – полиция полковнигі, ҚР ІІМ-де жоғары лауазымды қызмет атқарады. Қыздары – Назым, Диана, Динара тұрмыста, отбасыларында ұл-қыз тәрбиелеп отырған жайы бар. Зайыбы Ұлжан – үлкен шаңырақтың ұйытқысы. Мұрат – қайын жұртпен сыйласып, олардың көңілінен шыққан күйеу бала. Ол Алпыс құдасы бастаған құда-құдағилармен жақсы қарым-қатынас орнатты. Қызмет бабында да көп адамға жақсылық жасады.

Соңғы жылдары Мұрат Қожаханұлы ауыр дертке шалдықты. Бірақ сонда да мойымай, біраз уақыт күресті. Ақыры ауруы үдеп, өткен жылы Мұрат бауырым өмірден озды. Бұл қайғы оның отбасына, туыстарына өте ауыр тиді. Көңіл айтып келген жандар шексіз болды. Алланың әміріне кім қарсы келген?! Өкініштісі, Мұрат досым бұл өмірден ерте кетті. Амал не?

Мұрат бауырымның сүйікті қызы Назым әкесін есінен еш шығармайды. Ол әкесі туралы былайша тебіренеді:

«Әкем Мұрат Қожаханұлы Мұсабаевтың өмірден өткеніне жақында бір жыл толады. Мен үшін ол айналасына шапағат-нұрын шашатын мейірбан, ерік-жігері мықты, күшті, сенімді, әділ әрі дана адам болып қала береді. Оның еліне сіңірген еңбегі зор. Әрдайым жауапкершілігі зор қызметтер атқарды. Барлық іс пен шешімнің артында оның жайдары мінезі мен адамдарға деген қамқорлығы тұрды. Бүгін әкемді еске ала отырып, мен оның өмір жолы туралы ғана емес, біз оны шексіз жақсы көргенімізді және мақтан тұтқанымызды айтқым келеді.

Атамыз Қожахан мен әжеміз Зиніл бала кезінен әкеміздің бойына жақсы қасиеттер сіңірді. Адамдарды сыйлап, құрмет көрсетуді, жауапкершілікті үйретті. Адалдыққа, адамдыққа баулыды. Бұл қасиеттер жай ғана ата-ананың насихаты болып қалмады, әкеміздің өмірлік қағидасына айналды.

Ол өмір бойы құлшына жұмыс істеді, нағыз еңбекқұмар жан болды. Бірақ жұмысы қанша көп болса да, отбасы ең маңызды орында тұрды. Ол ісіне адал, әділдікті қолдайтын, жалғандықты жақтырмайтын принципшіл адам еді.

Әкеміз бізге ұзақ насихат айтпайтын. Айтар ойын қарапайым мысалмен жеткізетін. Ол бізге шығар жолды көруге, дұрыс шешім қабылдауға, тура жолдан таймауға көмектесетін. Қазір оның кеңестерін жиі еске алып, өзімізге «Әкем мұндай кезде қалай істер еді?» деген сұрақ қоямыз.

Әкем немерелеріне ерекше мейіріммен қарайтын. Оларға өмірлік мәнге толы әңгіме мен насихат айтатын. Немерелерін табиғаттың сұлулығын байқауға, оны құрметтеуге үйретті. Бәрін сөзбен емес, іспен көрсетті. Үнемі аңшылық пен балық аулау туралы қызықты естеліктер айтатын. Әке ретінде менің бойыма да маңызды адами қасиеттерді қалыптастырды. Әр күн сайын ол жүріс-тұрысымен үлгі болып, сөзде тұру, жақындар алдында жауапты болудың не екенін көрсетті. Мен бұл үшін оған әрқашан өзімнің шексіз алғысымды айтамын.



Мұрат жездесі Наурызбай, әпкесі Жұмакүл және досы Әділмен

Менің ойымша, әкем жақсы, лайықты өмір сүрді, көп еңбек етті, қоғамға, адамдарға пайда әкелді, өз отбасын керемет жақсы көрді. Оны сағынамыз, бізге сыйлаған керемет жылылықты, өмір сабақтарын, отбасылық тәрбиелік мәні зор әңгімелерін есімізде сақтаймыз.

Әке, саған өмір үшін, махаббат үшін және бізге үйреткеніңнің бәрі үшін шексіз рахмет! Қазір жанымызда болмасаңыз да, жарқын естеліктер жүрегімізде мәңгі қалады».

Мұрат Қожаханұлының қарындасы Алмагүл де бауырын былайша еске алады:

«Қожахан әкеміз – Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, бірнеше орденмен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары елді қалпына келтіру мен ұжымшар мен кеңшарларды дамытуға көп күш-жігерін жұмсап, ұжымшар төрағасы қызметін атқарған. Өкінішке қарай, әкеміз өмірден ерте озды. Осыдан кейін төрт баланы жалғыз өзі тәрбиелеп, өсіру ауыртпалығы анамыз Зинілдің мойнына түсті.

Анашым балаларына ең басты құндылықтарды – мейірім мен сүйіспеншілікті, бір-бірін құрметтеуді үйретті. Төрт бала бір-бірімізге өте жақын, қамқор әрі тату болып өстік. Арамыздағы бауырмалдық өмір бойы сақталып қалды.

Мұрат ағам отбасындағы екінші бала болды. Ол жастайынан анасының төрт баланы жалғыз өзі өсіріп, жеткізуінің қаншалықты қиын болғанын түсінді. Сондықтан ерте еңбекке араласып, отбасына, ең алдымен анасына көмектесуге тырысты. Ол ағасына ерекше жақын болды. Жұмакүл екеумізге әрдайым қолдау көрсетіп, қамқорлық жасап жүрді.

Асыл бауырым бала кезінен зеректігімен және есте сақтау қабілетінің мықтылығымен ерекшеленді. Мектепті бітіргеннен кейін Отан алдындағы борышын өтеп, Кеңес армиясы қатарында әскери қызмет атқарды. Әскерде оның ерекше қабілеттері бірден байқалды. Керемет есте сақтау қабілеті мен жоғары зияткерлік мүмкіндіктерінің арқасында оған барлау мектебінде білім алу ұсынылды. Ол кейін барлау басқармасында қызмет ету үшін қытай тілін үйрене бастады.

Алайда Мұрат ағам отбасына, бауырларына көмек қажет екенін жақсы түсінді. Осыған байланысты ол елге оралып, еңбек жолын отбасына жақын жерде жалғастыруды шешті.

Ол Мәскеу орман-техникалық институтын ойдағыдай бітірді. Оның кәсіби қызметі мемлекеттік басқару, өнеркәсіп және ірі кәсіпорындарды дамыту салаларымен тығыз байланысты болды.

Мұрат ағам ешқашан жауапкершіліктен қорықпайтын, қандай істі де бар жан-тәнімен атқаратын азамат еді. Зейнетке шыққаннан кейін де белсенді еңбек етуін жалғастырды.

Ағам – берік мінезді, қайсар, өмірдің кез келген сынағына төтеп бере алатын нағыз күрескер болды. Мықты, сабырлы, жауапты әрі төзімді азамат еді. Адал жар, қамқоршы, мейірімді және жанашыр әке бола білді. Немерелерінің сүйікті атасы атанса, жақындары үшін ол әрдайым арқасүйер, қолдау көрсететін бауыр, туыстарына қамқоршы, достарына сенімді серік болды.

Оның анасына деген сүйіспеншілігі ерекше еді. Ол жастайынан анасына тірек болуға тырысты. Әрдайым анасын аялап, бар жақсылықты жасады.

Бүгінде Мұрат ағамыз арамызда жоқ. Бірақ оның жарқын бейнесі Болат ағамның, Жұмакүл әпкемнің, туған-туыстарының жүрегінде мәңгі сақталады. Оның жасаған игі істері, жүріп өткен өмір жолы, артында қалдырған жақсы, игі істері ешқашан өшпейді.

Біз оны әке-шешесінің ардақты ұлы, мейірімді, жанашыр бауыр, үлгілі отбасы иесі, ұл-қызының сүйікті әкесі, немерелерінің қайталанбас атасы, адал дос, білікті маман, елінің нағыз патриоты, біртуар мемлекет қайраткері ретінде мәңгі есте сақтаймыз».

Біздің Мұратпен таныстығымыз достыққа айналды. Бір жағынан, екеуміз жақын туыс болып, ағайындық қарым-қатынас орнаттық. Оның отбасындағы қуаныштарға, ұл-қызының үйлену, тұрмысқа шығу тойларына, басқа да мерекелік іс-шараларына қатыстым.

Ерекше жаратылған азамат Мұрат құрдасым – текті әулеттен шыққан жан. Әкесі Қожахан аға соғыс ардагері, ұжымшар төрағасы болған, анасы Зиніл ұл-қызына аналық ақ мейірімін шашып, дұрыс тәрбие беруде, олардың жоғары білім алуына, отбасын құруда теңдесі жоқ еңбек сіңірген. Бауыры Болат, әпкесі Жұмакүл, жездесі Наурызбай, қарындасы Алмагүл – еліміздегі белгілі азаматтар. Наурызбай жездесі мемлекет қайраткері, кезінде бұрынғы Қапшағай қаласының әкімі қызметін атқарған.

1955 жылы 1 мамырда Еңбекші-қазақ ауданы Бірлік ауылында зиялы отбасында туып-өсіп, саналы ғұмырын елдік іске арнаған мемлекет қайраткері Мұрат Мұсабаевтың өмір жолы кім-кімге болса да өнеге. Оның игі ісі, жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмақ емес.

Әділ ШАЯХМЕТОВ,
генерал-лейтенант,
мемлекет және қоғам қайраткері

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

МЫҢ КІТАП СЫЙЛАДЫ

Республика күніне орай еліміздің барлық аймағында «Саған кітап арнадым» акциясы басталған болатын. Аталған акция «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны аясында ұйымдастырылып, кітап оқуды насихаттау және кітап сыйлау мәдениетін дамыту, сондай-ақ оқырманның әдебиетке деген қызығушылығын арттыруды көздейді.

● Алтынай СЕЙІТКЕН



Игі бастама аясында Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының кітап қоры 1000 дана жаңа кітаппен толықты. Қазақстан Жазушылар одағы, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, «Steppe & World», «Marfu Press» және тағы да басқа баспалар ұлттық руханиятымызды байытып қана қоймай, кітапханаға құнды әдебиеттерді сыйға тартты. Бұл игі іс кітапханаға ғана емес, барша оқырман қауымның жаңа әдебиеттермен танысуына, дүниетанымын кеңейтіп, рухани көкжиегін байытуға мүмкіндік берді.

Ең бастысы, кітапхана құндылығы ондағы кітап санымен емес, оқырманның рухани кеңістігін кеңейтетін құнды кітаптармен өлшенеді. Осы орайда Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасы ұжымы кітап қорын молайтқан баспалар мен Қазақстан Жазушылар одағына ризашылығын білдірді.

Кітапхана директоры Ғалия Тоқабаеваның айтуынша, мұндай қолдау мен руханиятқа қосылған айрықша үлес – ұлттық құндылығымызды айшықтап, оқырман қауым арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыратын және жас ұрпақтың кемел келешегіне бағытталған рухани инвестиция.

«Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны аясында зерделі ұлт қалыптастыру жолында ұйымдастырылған осындай игі бастамалардың тағылымы мол, маңызы зор. Ал баспалардың кітапхана қорын жаңа кітаптармен толықтыруы – болашақ ұрпақ үшін мұра қалдыру ғана емес, сонымен бірге ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруға қосылған қомақты үлес.

Кітапхана қорына сыйға тартылған кітаптардың ішінде Дулат Исабековтің «Гауһар тас», Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», Мұхтар Әуезовтің «Индия очерктері», «Америка әсерлері» сынды жинақтарын айрықша атап өтуге болады. Тіпті кітапхана қорын молайтқан шығармалардың ішінде тұңғыш қазақ комиксі – Жүсіпбек Аймауытұлының «Көк өгізі» де бар.

Осылайша, «Саған кітап арнадым» акциясы арқылы баспалар мен кітапхана арасындағы байланыс бекіп, кітап сыйлау дәстүрі жаңғыра түсті.

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Облыстағы аудандар мен қалалардың төл мәдениетін дамыту, насихаттау, рухани-ағартушылық байланыстарды нығайту, ұлттық өнерді сақтау және дәріптеу, талантты жандардың жетістіктерін көрсету мақсатында қолға алынған «Ауылым – алтын бесігім» атты Мәдениет күндері байқауы Қарасай ауданында жалғасты.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Ауқымды шараның салтанатты ашылуында Қарасай ауданының әкімі Жасұлан Естенов сөз алып, ұлт құндылықтарын ұрпаққа жалғастыратын «Ауылым – алтын бесігім» атты байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім меңгерушісі Төлеужан Ғұмаров та жиылған жұртшылықты өнер мерекесімен құттықтады.

Байқаудың алғашқы бөлімінде аудандық Мәдениет үйінің алдында «Ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұра» және «Тарих тудырған тұлғалар» көрмесі, «Ұлттық дәстүр – ұрпаққа аманат», «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» тақырыбында сахналық көрініс жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл жерде Қарасай ауданында өнердің сан саласында еңбек етіп жүрген азаматтар баршылық екенін айта кеткен орынды. Ең бастысы, шараны ұйымдастырушылар қолда барды ашып көрсетуге барынша мән бергені байқалады. Әрбір көрмеден ұлтымыздың асыл қазынасы мен мол мұрасын көріп, қызықтауға жағдай жасалған. Мұнда зергердің қолынан шыққан көздің жауын алатын әшекейлер мен тұрмыста пайдаланатын бұйымдар, осы өңірде дүниеге келіп, халқына қызмет жасаған танымал тұлғалар, ұлтымыздың салт-дәстүрі айшықтала келіп, бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында атқарылып жатқан жұмыстарды да тамашалауға мүмкіндік болды. Сонымен қатар «Мәдениет – Жасанды интеллект – Болашақ», «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында поэтикалық шеру, «7 әдеби кітап» көрмесі көрермен назарына ұсынылды. Шалқар өнер мектебінің шәкірттері дайындаған «Саксофон», «Фортепиано», «Скрипка», «Баян», «Қобыз» қойылымдары да ешкімді бейжай қалдырмағаны анық.



Осыдан кейін облыс орталығынан арнайы жеткен әділқазылар алқасы мен шараны тамашалауға келген жұртшылық Мәдениет үйінің алдындағы тақырыпқа сай безендірілген сахнаға жақындады. «Дияр» және «Гүлназ» би тобы «Гүлдер» биін орындағаннан кейін бала Жамбыл сахнаға шығып, жырдан шашу шашты.

Мәдениет үйінің кең де жарық залында «Қарасайдан тараған әуен» атты гала-концертте «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблі, «Темірен» театры, «Айгүл» вокалды-аспаптық ансамблі, жыр-терме, айтыс мектебінің өнерпаздары, «Парасат» әжелер мен аталар ансамблі, Қаскелең қаласының өнер мектебі, «ARTSPORT» өнерпаздары сахна сәнін келтіріп, «Балақай» қуыршақ театры, сондай-ақ қолөнер шеберлері, суретшілер мен зергерлер жиналған көпшілікке әсем де әсерлі әндер мен көріністер ұсынды. Байқау шартына сәйкес «Темірен» театры «117 пәтер» әлеуметтік драмасын сахналады. Иә, Қарасай жастар театрының әртістері орындаған бұл қойылым оны тамашалаған әрбір адамның жүрегін толқытып ой салғаны сөзсіз.

Бұл жерде «Авторлық ән» номинациясы бойынша Шамалған ауылдық Мәдениет үйінің директоры Жарқын Рақымқаштың «Тойға шашу» әні, «Классикалық ән» номинациясы бойынша аудандық Мәдениет үйінің әншісі Ерлан Леспаевтың орындауындағы «Conte partiro» әні, топтық би номинациясында Эльмира Сұлтанбекова жетекшілік жасайтын Жібек Жолы ауылдық Мәдениет үйінің «Шаттық» би тобының өнері, «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша Н.Жуасбектің орындауындағы Ж.Жабаевтың «Балаларға арнау», Ә.Әпенов әуелете шырқаған Д.Рақышовтың әні «Саясында алманың», Ә.Тілеш орындаған К.Әзірбаевтың «Бастау», Е.Ағайдар шырқаған Қ.Байғабылұлының «Үш меркі» әні, «Ұрмалы аспап» номинациясы бойынша «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің өнері, «Би» номинациясы бойынша «Үшқоңыр» ансамблінің бишілері, «Сүйемелдеуші би» номинациясы бойынша «Дуэт» би тобы тамаша өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Осынау тамаша өнер кешін дайындаған қоюшы режиссер Анар Бөлекбаеваның, дыбыс режиссері Серік Шәлімбетов пен Едіге Байгелдиннің, жарық режиссері Қазыбек Сатылхановтың, жүргізушілер Медет Рысбек пен Айдана Кенбаеваның шеберлігіне де тәнті болдық. Өнер ұжымдарының шығармашылық жетістігін бір арнаға тоғыстырып, жүректерге жететін қойылым қалыптастыру, ауданның мәдениет саласындағы жетістіктерін барынша ашып көрсету өз ісіне деген сүйіспеншілік пен шеберлікті көрсетсе керек.

Қарасай ауданы

Ауылдың сәні де, мәні де – адамдарында. Бірі атадан қалған кәсіпті жалғап, қолөнерді дамытса, енді бірі ән мен күйді серік етіп, елдің рухани өміріне үлес қосып жүр. Ал ақ жаулықты әжелеріміз бен ақыл айтар әкелеріміздің ұрпақ тәрбиесіндегі орны тіпті бөлек. Шарын ауылында осындай құндылықтардың бәрін бір жерден көріп, қазақтың кешегісі мен бүгінгісін қатар таныған шара болды. Алматы облысы әкімінің қолдауымен ұйымдастырылатын дәстүрлі «Ауылым – алтын бесігім» атты аудан, қала Мәдениет күндері байқауы аясында Үйғыр ауданының өнері мен мәдениеті көпшілік назарына ұсынылды.

Салт-дәстүр салтанаты

● Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Шарын ауылдық Мәдениет үйінің алды бұл күні ауыл шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарға толды. Көрмеге қойылған кітаптар, теріден жасалған түрлі бұйымдар, ұлттық киім үлгілері мен темір ұсталарының еңбектері келушілер назарына ұсынылды. Әсіресе күнделікті тұрмыста пайдаланылатын заттарды шеберлердің өз қолымен жасап шығаруы көңіл аудартады. Бір қарағанда қарапайым ғана дүниелер болғанымен, әрқайсының артында үлкен еңбек, ыждаһаттылық пен шеберлік жатыр. Теріні илеп, одан қажетті бұйым жасау да, темірді иіп, тұрмысқа жарамды зат шығару да кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ал ұлттық киімдеріміздің өзіндік ерекшелігі мен әсемдігі халқымыздың талғамы мен танымын танытып тұрды.

Көрменің тағы бір ерекшелігі – мұнда ауылдың өнері ғана емес, тәрбие мен тағылым да қатар насихатталды. Әжелеріміз ұл-қыз тәрбиесіне қатысты өнегелі көріністер ұсынып, қазақы тәрбие мен әдептің үлгісін көрсетті. Ал әкелер мектебінде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, отбасы алдындағы жауапкершілік, атаның балаға көрсетер өнегесін де керемет жеткізді.

Мәдени шарада қоршаған ортаны қорғауға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы да назардан тыс қалмады. Тазалықты сақтау, туған жердің табиғатына жанашырлық таныту тақырыбында арнайы көрініс қойылды. Ауылдың тазалығы да, оның көркеюі де ең әуелі сол жерде тұратын адамдарға байланысты. Өз ауласының ғана емес, көшесінің, туған жерінің тазалығына жауапкершілікпен қарау әр азаматтың міндеті екенін өнерпаздар сахна тілімен жеткізді.



Мұнан соң халқымыздың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрін жаңғыртып, «Сыралғы», «Қол ұстар», «Шаш сипар» секілді көне ғұрыптар көрсетілді. Шынын айту керек, осы дәстүрлердің атауын естігенімізбен, мән-мағынасын біле бермейміз. Тіпті, кейбірінің қалай орындалатынын да ұмытып барамыз. Ал қазақтың әр салтының астарында үлкен тәрбие жатыр. Осындай ғұрыптарды көпшілікке қайта таныстырып, сахна арқылы жаңғырту мәдениет қызметкерлерінің ұлт мұрасына деген жанашырлығының көрінісі десек қателеспейміз.

Мәдени күннің салтанатты бөлімінде Үйғыр ауданы әкімінің орынбасары Ерасыл Толымбекұлы сөз алып, аудан жұртшылығы мен қонақтарды құттықтады. Ол «Ауылым – алтын бесігім» байқауының ауыл мен қала арасындағы мәдени байланысты нығайтып, өңірлердің тарихы мен дәстүрін танытудағы орнына тоқталды. Әсіресе ұлттық құндылықтарды кейінгі ұрпаққа жеткізу, ел ішінен шыққан өнерлі тұлғалардың шығармашылық мұрасын насихаттау және ауыл өнерпаздарына қолдау көрсету мәселелеріне мән берді. Аудан әкімінің орынбасары мұндай мәдени басқосулар өнер ұжымдарының өзара тәжірибе алмасуына, шығармашылық шеберлігін шыңдауына мүмкіндік беретінін де айтты. Туған өлкенің мәдениеті мен өнерін дәріптеу әр азаматтың ортақ міндеті екенін жеткізіп, аудан өнерпаздарына сәттілік тіледі.

Салтанатты бөлімнен кейін «Ауылым Шарын бойында...» атты концерттік бағдарлама басталды. Туған жерге арналған арнау, сахналық қойылымдар көрермен назарына ұсынылды. Әсіресе «Қарадала халық театрының» А.Наймантаевтың «Досым, саған айтамын...» пьесасынан көрсеткен үзіндісі театр өнерінің өзіндік ерекшелігін танытты.

Бұл күні Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров та сөз сөйледі.

«Ауылым – алтын бесігім» байқауының құндылығы да осында болса керек. Әр аудан өз өнерін ғана көрсетіп қоймай, сол өңірдің тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі шеберлердің еңбегін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрін көпшілікке таныстырады. Бір ауылдың мәдениетін таныстыру арқылы тұтас өңірдің рухани байлығын көруге болады. Дәл осындай ой айтқан Төлеужан Нүсіпжанұлы өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Бұл күні шарындықтар келген қонақтарды қонақжайлығымен тәнті етті. Ауылдағы ағайынның бірлігі мен өнерге деген ықыласы жоғалмаса, атадан қалған кәсіп пен әжеден жеткен өнеге ұмытылмаса, ұлттың да тамыры үзілмейді. Шарын бойында өткен мәдени күннің көпшілікке ұқтырғаны да осы болды.

Ұйғыр ауданы

● ТУРНИР

Ақсақал атында

Қарасай ауданында биыл 90 жасқа толып отырған ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Елтай Хасенов ақсақалдың атында шахмат турнирі ұйымдастырылды. Сайысты ұйымдастыруға мұрындық болған – шахматтан екі дүркін облыс чемпионы атанған Темірхан Базимов. Оның бұл турнирді ұйымдастырып отырғаны жайдан-жай емес.

Елтай Хамзаұлы шахмат ойнауды өмір бойы серік етіп келеді. Осы жасына дейін талай мәрте шахмат тақтасындағы шайқастарға қатысып, облыстық, аудандық жарыстарда жеңімпаз атанып, абырой арқалап, мерейі үстем болған еді. Сол үшін де әріптестері оның атынан турнир өткізіп, үлкен құрмет көрсетіп отыр. Олардың бұл игі бастамасын көрермен қауым да қуана қолдады.

Аталған турнирге отыздан астам шахматшы қатысты. Сонау Талғар ауданынан келген алты шахматшы да ақтық айқасқа түсті. Тайталасқа толы турнирде ешкім де аянып қалған жоқ. Бәрі де белгіленген ережені қатаң сақтап, бар өнерін салып бақты. Соның нәтижесінде сайыпқыран шахматшылар да әділдік тұрғысынан анықталды. Бірінші орынды алдына жан салмас Темірхан Базимов иеленсе, екінші орынды Рүстем Пермұхамедов еншіледі. Үшінші орынды талғарлық Ахат Сұлтанқұлов, төртінші орынды Серік Рақымжанов, бесінші орынды Амандолла Әбдімұратов қанжығасына байлап, жүлдегер атанды.



Өмірінде алақанының ашықтығымен, жанының жомарттығымен халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген Елтай Хасенов ақсақал өз атынан өткізілген турнирде де аянып қалмады. Топжарған жеңімпаздарға ақшалай тағайындалған сыйлықтарын берді. Сол сияқты барлық қатысушыға ұлттық шапан кигізді. Тоқ етерін айтқанда, турнирге атсалысқан адамдар да сый-сияпат иеленді. Сөйтіп, Елтай Хасенов атындағы турнир жоғары деңгейде өз мәресіне жетті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ
Қарасай ауданы

● ПРИРОДА И МЫ

Защитим лес от пожара

Лес – главное богатство нашего народа, сохранить и заботиться о нем будущим поколениям– наш общий долг, если вы собираетесь в лесной фонд отдыхать, заготавливать дрова, для побочного пользования леса, то для начала лучше не забывать о правилах сохранения леса от пожаров, однако, в любом случае, имейте в виду следующие простые принципы:

Неосторожно брошенные спички, окурки, костры, оставленные без тушения на высохшей дровяной костре или сухой траве, могут стать причиной пожара в лесу при безнадзорном сжигании травы и тростника, заросшего на берегах канав или лугов, лесной пожар помимо колоссальных потерь для общества и природы, приводит к коренному уничтожению различных растений в животном мире и лесу.

Лицо, допустивший возгорание леса, не только возмещает ущерб, причиненный природе, но и несет ответственность по статьи. 367 часть КОАП РК и статьи 202, 204, 292 УК РК.

Если вы заметили пламя костра в лесу, сделайте попытку немедленно погасить его, в случае отсутствия способа его тушения, сообщите в лесное хозяйство, администрацию сельского округа, районную полицию и пожарную часть.

Телефоны: 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10

Коммунальное государственное учреждение
«Лесное хозяйства Карадала»
Отдел чрезвычайных ситуации

РУХАНИЯТ



Қос қаламгерге ҚҰРМЕТ

Жамбыл аудандық кітапханасында «Қаламгер әлемі – рухани қазына» атты әдеби-сазды кеш өтті. Сөз өнерін серік етіп, шығармаларымен оқырман жүрегіне жол тапқан журналист-жазушылар Гүлзейнеп Сәдірқызы мен Есболат Айдабосынға арналған рухани шараға өнір басшылығы, зиялы қауым өкілдері, оқырман мен әдебиетсүйер қауым қатысты.



● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Тарихы терең, тағылымы мол, топырағынан талай тарлан түлеген Жамбыл ауданының ақындар мен батырлар елі атануы бекер емес. Бұл – елдік пен ерлікті ту еткен баһадүрлердің ізі қалған, жыр мен сөздің қадірін білген ұрпақтың рухани мұрасы сақталған қасиетті мекен. Осындай құтты топырақтан түлеп ұшқан таланттардың ел әдебиеті мен журналистикасына үлес қосуы – туған жер үшін зор мақтаныш.

Қоңыртөбе тауының баурайындағы Ақтерек ауылында қос қаламгердің кіндік қаны тамған. «Егіске толған етегі, Ақтерек – ырыс мекені» деген тіркестің астарында ауылдың берекесі мен туған жерге деген ыстық ықылас жатыр. Туған топырақтың табиғаты, ауыл тіршілігі, ел ішіндегі адам тағдыры – қаламгер үшін таусылмас тақырып. Сол мекеннің көркем келбеті шығармаға арқау болып, қарапайым адамның өмір жолынан тұтас қоғамның тынысы танылады.

Кездесудің алғашқы сөзін Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ықылас Амалбек алып, өңір әкімі Нұрлан Ертастың қос қаламгерге деген ықыласты тілегін жеткізді. Ол шығармашылық иелерінің қоғам өміріндегі орнына тоқталып, рухани құндылықтарды дәріптейтін осындай кездесулердің маңызын атап өтті. Қаламгер мен оқырманды табыстыратын басқосулардың жалғасын табуы – әдеби ортаның жандануына, жас ұрпақтың кітапқа жақындай түсуіне жол ашатын игілікті іс.

Шарада қазақ журналистикасы мен прозасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған Гүлзейнеп Сәдірқызының өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылды. 1955 жылы Ақтерек ауылында дүниеге келген қаламгер Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Ұзақ жыл бойы «Егемен Қазақстан» газетінде еңбек етіп, басылымның беделін арттыруға, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруге, оқырманға ой салатын материалдар жазуға атсалысты. Ол – Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық Жамбыл атындағы және Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының екі мәрте иегері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы. 2022 жылы Шерхан Мұртаза атындағы «Ақиқаттың ақ туы» республикалық әдеби байқауында бас жүлдені иеленсе, 2024 жылы қазақ әйелі бейнесін арқау еткен повестер байқауында жеңімпаз атанды. Қаламгердің «Махаббатым жүрегімде», «Тау тұлға», «Әкесі өлген қандайды», «Аққу ғұмырлы тағдыр», «Айбибі», «Әйел бақыты», «Қанекей, қалам сөйлеші» атты кітаптары оқырманға жол тартқан.

Гүлзейнеп Сәдірқызы оқырманның сұрақтарына жауап беріп, жазушылықтың табиғаты, шабыттың сыры мен шығармашылық еңбектің қиындығы жөніндегі ойларын ортаға салды.

– Шабытты шақырып келтіре алмайсың, қашан келер екен деп күтіп те отырмайсың. Ойлы адам үнемі жинақы жүреді. Меніңше, жазу үшін ең алдымен өзің сүйетін ісің болуы қажет. Оған әрекет ету керек. Сосын тыныштық керек. Әйел адамның үй тіршілігі бар, соның бәрін реттеп барып жазуға отырады. Жазушылық деген өмір бойы өзіңмен бірге жүретін іс қой. Аптасына бес рет шығатын газетте қызмет істей жүріп, көркем шығарма жазу оңай емес, – деді қаламгер.

Әдеби кештің екінші кейіпкері – қазіргі қазақ прозасында өзіндік үнімен танылып жүрген жазушы-журналист Есболат Айдабосын. 1981 жылы Ақтерек ауылында дүниеге келген ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қазақ филологиясы мамандығы бойынша білім алған. Бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, журналистика саласында тәжірибе жинақтаған қаламгер бүгінде көркем прозадағы ізденістерімен оқырман назарын аударып келеді.

Есболат Серікбайұлы – бірнеше республикалық әдеби байқаудың жеңімпазы, «Алтын қалам», «Алтын тобылғы», «Алтын тұғыр» әдеби сыйлықтарының және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Қазақ PEN клубы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жанр» Жетісу әдеби клубының президенті. Қаламгердің «Сүлікқара», «Қызыл сақа», «Ит тірлік», «Тибет аруы» атты кітаптары жарық көрген. Ал «Бүкір» романы Mecenat.kz әдеби байқауында үздік шығарма ретінде танылған.

Оның туындыларында адам мен қоғам, ұлттық болмыс пен жеке тағдыр, заман тынысы мен адам мінезі өзара сабақтасып жатады. Кейде бір ауылдың тіршілігі арқылы тұтас дәуірдің бейнесі ашылса, кейде бір жүйрік аттың тағдыры арқылы адамның арманы, мұңы, намысы мен еркіндікке ұмтылысы танылады.

Кеш барысында қаламгердің жаңа туындысы – «Бүкір» прозалық мини-романының мазмұны кеңірек талқыланды. Шығарманың атауының өзі оқырманды ойға жетелейді. Алғаш естігенде арқасы бүкір жылқы елестеуі мүмкін. Алайда шығарма тереңіне бойлаған сайын, мәселенің бір аттың сыртқы бітімінде ғана емес, тағдырдың талай тауқыметін көрген жандардың ішкі әлемінде жатқанын аңғарасыз.

Белгілі жазушы, журналист, ҚР Мәдениет қайраткері Күмісжан Байжан мен Жамбыл және Райымбек аудандарының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Тәңірберген Қасымақынұлы сөз алып, қос қаламгердің шығармашылық еңбегін лайықты атап өтті. Құрметті қонақтардың қатысуымен «Бүкірдің» тұсаукесер рәсімі жасалып, жаңа кітап Ұзынағаш оқырмандарына жол тартты.

– Ат тақырыбы маған өте жақын. Өзім де шабандоз болғанмын. Мен әдебиетке балалық шағым туралы жазумен келдім. Біз смартфон емес, қамшы ұстадық. Асық ойнап, тай мінген кездеріміз, аттың терінің иісі есімізден кетпейді, – деді жазушы Есболат Айдабосын.

Әдеби-сазды кеш ән мен жырға, әсем әуен мен жарасымды биге ұласты. Аудандық кітапхананың «Зерде» үйірмесіне қатысатын оқушылар қос қаламгерге арнау өлеңдерін оқыды. Балабақша бүлдіршіндері де ән айтып, би билеп, басқосуға ерекше жылылық сыйлады. Кеш барысында «Кітап сыйла» акциясының да атқарылуы шараның мәнмаңызын арттыра түсті. Бұл көріністер әдебиетке құрметтің, өнерге ықыластың жас ұрпақтың бойында қалыптасып келе жатқанын аңғартқандай болды.

Аудандық кітапхана директоры Аяужан Сәдуақасова қорытынды сөзінде оқырман мәдениетін қалыптастырудың, кітап оқуды насихаттаудың маңызына тоқталып, қос қаламгерге сый-сияпат табыстап, олардың шығармашылық еңбегіне құрмет көрсетті.

Туған жердің топырағынан тамыр тартқан таланттың шығармасы елдің рухани қазынасына айналғанда ғана оның еңбегі өз биігіне көтеріледі. Ал сол қазынаны бағалап, кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршаға ортақ міндет. Кітаптың қадірі артып, оқырман қатары көбейген жерде руханияттың шамшырағы да жарқырай түспек.

Жамбыл ауданы

СЕМИНАР

Тарих пен тағылым

Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек тарихи-өлкетану музейінде республикалық семинар өтті. Аталған шараға ғалымдар, өлкетанушылар, облыстағы музейлердің қызметкерлері қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Туған жердің әр тасы – талай жылғы тарихтың куәсі. Бойына ел мен жердің ғасырлар қойнауына кеткен сырын бүгіп, туған өлкенің өмір-дастанын жасырып жатыр. Сондықтан кешегі күннің көрінісі, елдің мәдениеті мен әдебиеті, өркениеті, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы, өңірдің өткен өмірі – бәрі-бәрі өлкетанудан бастау алады. Осы орайда әр ауылдың, әр елдімекеннің өзіне тән шежіресін, өзіне тән ерекшелігін, байырғы жер-су атауларында жасырынған сырды терең зерттеу, көнекөз қариялардың жадында жатталған деректерді жинақтау, оларды ғылыми тұрғыда зерделеу – бүгінгі ұрпақтың маңызды міндеттерінің бірі.

Семинардың мақсатына тоқталған облыстық музейлер бірлестігінің директоры Талғат Келімбетов: «Тарихи жәдігерлерді жинақтау мен сақтау, оларды зерттеу жұмыстарын дамыту, музейлер арасындағы байланысты нығайтып, озық тәжірибелер турасында ой бөлісу саланың дамуына өзіндік үлесін қосары анық», – дей келе басқосуға жиналған жұртқа алғысын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Өңіраралық тәжірибе алмасу үшін семинарға «Жетісу өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры Қажет Андас арнайы келіп, баяндама жасады. Бірлестік мүшелері 2017-2023 жылдары бұрын тізімге алынбаған 500 нысанды анықтауға, олардың 69-ын жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар қасиетті жерлер тізіміне енгізуге атсалысқан.

«Бұл зерттеулер аяқсыз қалмай, бірлестік ресми тіркелген 2023 жылдан бері ары қарай да жалғасып келеді. Сондай-ақ бірлестік мүшелері саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысып, архивтік зерттеулер жүргізіп жатыр. Аталған жұмыстардың барлығын қалың көпшілікке жеткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарынан да үнемі таратып отырмыз. Бүгінге дейін баспадан 64 кітап шығарып, оның 35-і электронды кітаптар тізіміне енгізілді», – деген Қажет Андас кездесуде өз жұмыстарын таныстырып, тәжірибесімен бөлісті.

Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Меруерт Ермағамбетқызы өлке тарихын жас ұрпаққа насихаттаудағы музейдің орны туралы жан-жақты баяндап, музей педагогикасы тақырыбына баяндама жасады. Сондай-ақ Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бас директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шамек Тілеубаев «Академиялық тарих ғылымы және өлкетану мәселелері: ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» турасында сөз қозғаса, тарих ғылымдарының магистрі, археолог, «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкері Алпамыс Жалғасұлы «Үшқоңыр маңындағы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің қорғалуы және зерттелу жағдайы» және тарихшы-генеалог Нұржан Сәдірбекұлы «Әсет Темірғалиев – өлкетанушы, картограф» деген тақырыптарда баяндама жасап, семинарға жиналған тарихшылар мен музей қызметкерлерінің сұрақтарына жауап берді.

Семинар қонақтары Шелек тарихи-өлкетану музейіндегі жәдігерлер арқылы тамыры тереңге бойлаған Шелек ауылының мол тарихымен танысып, осы өлкеден түлеп-ұшқан азаматтар жайында кең мағлұмат алды.

Өткенін таныған ұрпақ бүгінгі күннің қадірін біліп, болашаққа бағдар жасай алады. Осы орайда өлкетану музейлеріне жүктелетін жауапкершіліктің жүгі де салмақты екені сөзсіз.

Еңбекшіқазақ ауданы

ПАРАДЗЮДО

ЖІГЕРІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН

Тағдырдың талай сынағына мойымаған, жігері мұқалмаған Самал Бектұрсынқызы – қайсарлық пен табандылықтың жарқын үлгісі. Көру қабілетінен айырылса да, өмірге деген құлшынысын жоғалтпаған ол бүгінде спортта, соның ішінде самбодан биік белестерді бағындырып жүр.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ



Самал Бектұрсынқызы 1997 жылы қараша айының 19 жұлдызында Кеген ауданы Ақтасты ауылында дүниеге келген. 2009 жылы бесінші сыныпты аяқтағанда көзі ауырып, көру қабілетінен айырылады. Өзі сынды тағдырлас қыздан көзі нашар көретіндерге арналған кітапхана бар екенін естиді. Сонда барып, брайль жазуын үйренеді.

– Көшеде қалай жүру керек, тыңдау, аяқтың астын сезу, иіспен жүру сияқты сабақтардан өтіп, көзі көрмейтіндердің өміріне бейімделдім. Хатшылық жұмысқа тұрдым, емдік массаж жасауды меңгердім. 2023 жылы анам қайтыс болды. Қазір Қазақ спорт және туризм академиясының бейімделген дене тәрбиесі факультетінің төртінші курсында оқимын. Парадзюдомен шұғылданып жүрмін. Бапкерім Қуаныш Ахметжанов мені жарыстарға дайындайды. Ең алғашқы сайыс Қазақстан кубогы болды. Сол жарыста үшінші орын алдым. 2025 жылы Қазақстан спартакиадасына, 2026 жылы ел чемпионаты мен Қазақстан кубогына қатысып, екінші орыннан көріндім, – деген кейіпкеріміз сонда да келешегіне күлімдеп қарауды мақсат етіп, өн бойына дарыған спорттық қабілетін дамыта түсетінін тілге тиек етті.

Осындай жемісті жетістіктерін еске алған жігерлі Самал былай дейді:

– Адам қандай жағдайға түссе де, өзін ешқашан төмен санамауы керек. Қайғы-мұңға берілмей, онымен күресе білу – нағыз ерлік.

Биыл 17-19 қыркүйек аралығында Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында өткен парасамбодан әлем кубогының финалында Самал 50 келі салмақ дәрежесінде тәжік қызын жеңіп, алтынға қол жеткізді.

Еліміздің абыройын асқақтатып қайтқан, біз танып отырған спортшы Самал, міне, осындай. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дегендей, Самалдың межелі мақсаты орындалуына біз де тілекшіміз.

Кеген ауданы

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН	8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жанһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С. Мұқанов көшесі, 223«В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 2505

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Гүлзат БАЙҚОНЫС